



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



ЛАЙЫҚТЫ
ҚҰРМЕТ

2


ҚҰНДЫЛЫҚ



ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ
АҚЫЛ-ОЙДЫ
ДАМЫТАДЫ

10

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ДАЛА ҚҰСТАРЫ –
ТАБИҒАТ
ТАМЫРШЫСЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

27.10.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

28.10.2022

Түнде:



0+2 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жауын-шашын
(жаңбыр, қар). Таңертең тұман.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №126 (6261) 27 қазан, бейсенбі, 2022 жыл.

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЕСТЕ ҚАЛАР ЕРЕКШЕ КҮН

Алматылықтар Республика күнін айрықша атап өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Басқа күндерге қарағанда, мереке кездерінде алматылықтардың көңіл күйлері ерекше көтеріңкі болады. Оған айналада өтіп жатқан әртүрлі іс-шаралардың да жақсы әсер ететіні рас. Елімізде бірталай үзілістен кейін қайта тойлана бастаған ұлттық мерекеміз – Республика күніндегі игі шаралар да қала тұрғындары мен қонақтарының көңіл төрінен шықты.

12-13

САЙЛАУ-2022

ТЕГІН CALL-ОРТАЛЫҚ

Алматыда Президент сайлауы кезеңінде сайлау учаскелерінің мекенжайлары мен нөмірлерін тексеру үшін тегін Call-орталық іске қосылды



Алматы қаласы бойынша «1315» бірыңғай нөмірі бар Call-орталық іске қосылды. Осы орталық арқылы сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыс беруге арналған сайлау учаскесінің мекенжайы мен нөмірін тексеруіңізге болады.

2

ҚЫСҚА...

- Ұлан-Батырда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай салтанатты шара өтті.
- Алматыда 29-30 қазанда Almaty Food Fest 2022 халықаралық гастрономиялық фестивалі өтеді.
- Астанада күздің басты медиа оқиғасы – Astana Media Week-2022 басталды. Оның барысында 150 отандық және халықаралық спикерлердің қатысуымен 30-дан астам іс-шара өтеді.
- Бүгін Қазақстанға ресми сапармен Еуропалық Кеңестің Президенті Шарль Мишель келеді.
- Ақпарат министрлігі Meta және TikTok компанияларымен жұмыс істеуге ниетті.
- Елордада «GLOBAL PHARM» II Халықаралық фармацевтикалық форумы өз жұмысын бастады.
- Елімізде «Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуының 30 жылдығына» орай арнайы пошталық марка айналымға енгізілді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қазақстанның Әскери доктринасын бекітті. Құжатты Қорғаныс министрлігі басқа күштік құрылымдармен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірледі.

2021 жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында Президент Әскери доктринаны қайта қарау қажеттігін айтқан болатын. Қарулы күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды қайта форматтау туралы бірқатар тапсырмалар берген Мемлекет басшысы қорғаныс қабілетін нығайту, қауіп-қатерлерге ден қоюдың жеделдігін арттыру мемлекеттік маңызы бар басымдықтарға айналуға тиіс екенін атап өтті. Құжатта әскери қауіптер мен қауіпсіздікке әсер ететін заманауи жағдайлар мен факторлар көрсетілген. Оған әскери-саяси және әскери-стратегиялық салалардағы қызметтің жаңа бағыттары, нормативтік құқықтық актілерді жүйелеу және әскери жоспарлау жүйесін енгізу шаралары енгізілген. Қарулы күштердің жауынгерлік әлеуетін арттыру мақсатында Арнайы операциялар күштерін дамыту және олардың басқа мемлекеттік органдардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерімен өзара іс-қимылын кеңейту көзделген. Әскери доктринаның жаңа редакциясы мемлекеттің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету жөніндегі көзқарасын қазіргі заманғы талаптар мен жағдайларға бейімдеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ жаңа қатерлер мен тәуекелдерге ден қоюдағы елдің әскери әлеуетін арттырады. Әскери доктринаға өзгерістер енгізу туралы Жарлық заңды күшіне енді.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты.

Отырыста сөз алған Әлихан Смайылов ЕАЭО аясындағы белсенді жұмыс өзара сауда мен өнеркәсіп кооперациясын кеңейту, көлік логистикасын дамыту және халық пен бизнестің басқа да өзекті мәселелеріне қатысты міндеттерді дәйекті әрі жүйелі түрде шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

ЕАЭО-ға мүше елдердің мемлекеттік сатып алуларында ұлттық режимдердің жұмыс істеуіне қатысты мәселені шешу қажеттігіне назар аударды. ЕАЭО елдерін көлік құралы паспорттының бірыңғай формаларын енгізу және электрондық паспорттар жүйесін ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жеделдетуге, сондай-ақ Одақтың ортақ нарығының тиімділігіне тікелей әсер ететін техникалық регламенттерді өзектендіруге шақырды. Үкімет басшысы Қазақстанның бастамасымен «сұр» сертификаттармен күресуге бағытталған іс-шаралар жоспары қабылданғанын атап өтті.

«Әрбір тараптың бірлескен күш-жігері мен нақты іс-әрекеттері ғана бізге ағымдағы сын-қатерлерді еңсеруге және Еуразиялық экономикалық одақтың одан әрі дамуына қол жеткізуге мүмкіндік беретініне сенімдімін», – деп түйіндеді Әлихан Смайылов.

■ СЕНАТ

Сенат Бюросының мүшелері 2022 жылғы 27 қазанда өтетін Палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес сенаторлар бүгінгі отырыста екі заң жобасын қарайды. Олар: «Рақымшылық жасау туралы» және «Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидағары мен тәсілдері туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобалары.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының қаңтар оқиғасына қатысушыларға рақымшылық жасау туралы бастамасы гуманизмнің және ізгіліктің жарқын көрінісі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауында қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялауды тапсырды. Соған байланысты бір топ Парламент депутаты тиісті заң жобасына бастамашылдық жасады. Алдағы уақытта қажетті жұмыстарды атқарып, қорытындыларын алып, аталған заңды барынша тезірек қабылдауымыз керек», – деді Мәулен Әшімбаев.

«Рақымшылық жасау туралы» заң жобасының нормалары қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағандарды жазадан босатуды көздейді. Мұндай қылмыстар үшін жазасын өтегендерден соттылығы алынады. Заң жобасы арқылы ауыр қылмыс жасағандар үшін сот тағайындаған жаза төрттен үшке, ал аса ауыр қылмыстар үшін – жартысына қысқартылады. Сондай-ақ, заң жобасында босатылатын адамдарды жұмысқа орналастыруды, оларға медициналық көмек көрсетуді және құжаттарын ресімдеуді көздейтін, яғни қайта әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін нормалар бар. Айта кету керек, азаптаулар жасағандар, террористер, экстремистер, рецидивистер және тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылар рақымшылыққа жатпайды.

■ МИНИСТР

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Astana Media Week аясында «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға енгізілетін өзгерістер жайлы айтты.

Министр тұжырымдағандай, ғаламтордағы жалған ақпарат ағыны қоғамдық пікірге әсер етеді. Мұндай жағдайларда ақпаратты жинау, талдау және тарату үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан журналистика мен БАҚ-тың басты миссиясы – ақпаратты саналы түрде жариялау, аудиторияны дәлелденген деректерге сенуге шақыру. Жалған ақпаратпен күресу үшін аудиторияны сенімді дерек іздеуге, медиа сауаттылықты арттыруға, жалған ақпаратты дәлелденген ақпараттан ажыратуға үйрету қажет. «Министрліктің тікелей міндеті – БАҚ мектептерін ашу, медиа сауаттылық саласында білім беруді қалыптастыру. Бірқатар бірлескен шаралар қабылдануы керек, фактілерді тексеру, ақпаратты талдау, мазмұнның шығу тегін тексеру, тарату алдында мазмұнды «сүзгіден» өткізетін критерийлер жасау сияқты бірнеше кезеңнен тұратын оқыту жүйесін құру қажет. БАҚ туралы заң жобасындағы кейбір жаңалықтар осыған байланысты болады», – деді Дархан Қыдырәлі.

■ САЙЛАУ – 2022

ҚР Орталық сайлау комиссиясы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен 2022 жылғы 27 қазан сағат 11.00-де ҰЕҰ Академиясы базасында саяси партиялардың, өзге де қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың өкілдеріне арналған 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында ұлттық байқауды жүзеге асыру мәселелері бойынша онлайн-семинар өткізеді.

● ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

«Alataý Aqparat» медиахолдингі Шығармашылық даму жөніндегі кеңесінің мүшесі Мұрат Әуезов І дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне орай Ақордада бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар мен мемлекеттік сыйлықтар тапсырды. Марапатқа ие болғандардың қатарында белгілі қоғам қайраткері, «Alataý Aqparat» медиахолдингі Шығармашылық кеңесінің мүшесі Мұрат Әуезов те бар. Ол І дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.



Мұрат Мұхтарұлы Әуезов – мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері. Асылдың тұяғы Мұрат Мұхтарұлы 1943 жылы қаңтар айының 1 жұлдызында Жамбыл облысы, Меркі кентінде дүниеге келген. Ғалым М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтын «Қытай

филологиясы» мамандығы бойынша бітірді. КСРО Ғылым академиясының Әлем әдебиеті институтында әдебиет теориясы бойынша филология ғылымының кандидаты дәрежесі үшін диссертацияны қорғады. Қазақстан Журналистика академиясының 27.02.2007 жылғы жалпы жиналысы арқылы академияның толық мүшесі болып сайланды. Ол

бұған дейін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты атанды.

«Alataý Aqparat» медиахолдингі Шығармашылық даму жөніндегі кеңесінің мүшесі Мұрат Әуезовті мемлекеттік марапатымен құттықтаймыз!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

● CALL-ОРТАЛЫҚ

ТЕГІН CALL-ОРТАЛЫҚ


Алматыда Президент сайлауы кезеңінде сайлау учаскелерінің мекенжайлары мен нөмірлерін тексеру үшін тегін Call-орталық іске қосылды

Алматы қаласы бойынша «1315» бірыңғай нөмірі бар Call-орталық іске қосылды. Осы орталық арқылы сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыс беруге арналған сайлау учаскесінің мекенжайы мен нөмірін тексеруіңізге болады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен қатар, барлық ұялы байланыс операторларының абоненттері үшін қоңырау шалу тегін. Call-орталықтың жұмыс уақыты – демалыс күндерімен қоса, күн сайын сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін.

Алматы қаласы әкімдігінің «Open Almaty» қоғамдық қабылдауының сайтында және Білім басқармасының мемлекеттік қызметтер порталында сайлаушы-



лар тізімінде өзін тексеруге мүмкіндік беретін сервис енді барлықтарыңызға қолжетімді.

Telegram Bot (@almaty_sailau2022_bot) арқылы да қызметтің осыған ұқсас түрі іске қосылды.

● ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«Алтын орда» аяқ тұсамайтын болды

Айжан
БҮРКІТБАЕВА



«Алтын орда» базары маңындағы Алматы–Бішкек учаскесінде жолды кеңейту бойынша күрделі жөндеу жұмыстары 95%-ға аяқталды. Бұл туралы ҚазАвто-Жол басқарма төрағасы Мейірхат Қасымбаев айтты.

«Қазіргі уақытта «Алтын Орда» жобасы 95%-ға аяқталды. Негізгі бағыттар бойынша барлық жұмыстар орындалды. Жол 8-ден 10 жолаққа дейін кеңейтілді. Сонымен қатар, басты магистральдық эстакаданың, «таға» түріндегі бұрылу эстакадасының және Ақсай өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысы аяқталды. Жол бойында жарық шамдары орнатылды. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үш жаяу жүргіншілер өткелі салынды. Мердігер ұйым қиыршық тас мастикалық асфальтобетон жабынының жоғары қабатын төсеу жұмыстарын аяқтап, қоршаулар мен жол белгілерін орнатып, жол таңбаларын сызуда», – деді Мейірхат Қасымбаев.



КӨГАЛДАНДЫРУ

АЛМАТЫ ГҮЛ-ҚАЛАҒА АЙНАЛАДЫ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда Экология және қоршаған орта басқармасы қала аумағын көгалдандыру жобасын жүзеге асыруда. Жобаға сәйкес көпжылдық өсімдіктер үлесін 17%-дан 60%-ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Мамандардың айтуынша, біржылдық және көпжылдық өсімдіктер, негізінен, сәуір-мамыр айларында отырғызылады, күтіп-баптау жұмыстары маусымнан қыркүйекке дейін, ал гүлзарларды жинап, жуа тұқымдас өсімдіктер отырғызу қазан айында жүргізіледі.

Биыл көпжылдық өсімдіктердің жалпы көлемі 50%-дан асты. Нақтырақ айтсақ, раушан гүлі – 40 600, эхинацея – 7200, лилейник – 4000, лаванда – 7500, шалфей – 3600, мискантус – 5200, гортензия – 3500 және т.б. гүлдер 74,3 шаршы метр аумаққа отырғызылды.

2022 жылы жалпы көлемі 159 мың шаршы метр гүлмен безендіріліп (оның ішінде алдыңғы жылдардағы көпжылдық өсімдіктердің күтімі), 26 мың шаршы метр газон егілді.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

ӨТІНІШТЕР ӨТЕЛДІ

Алматы әкімдігі қаңтар оқиғалары кезінде бүлінген автокөлік иелеріне 567 млн теңге төледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша шағын және орта бизнеске келтірілген залалды өтеу бойынша ғана емес, сондай-ақ қаңтар оқиғалары барысында автокөліктері бүлінген немесе жойылған Алматы қаласының тұрғындарына да қатысты жұмыс жүргізілуде.



Қазіргі уақытта Алматы қаласы аудандарының әкімдіктеріне автокөлік иелерінен келтірілген залалды өтеу туралы 143 өтінім келіп түсті. Жеке тұлғаларға келтірілген залалды өтеу тетігіне сәйкес (Үкіметтің 2013 жылғы 28 тамыздағы №877 қаулысымен бекітілген терроризм актісі нәтижесінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүлдіктің зиянды өтеу Ережелеріне сәйкес) жалпы сомасы 566,7 млн теңгеге барлық 143 өтінімге қолдау көрсетілді.

Өтініштерді аудан әкімдіктері келіп түскен күннен бастап 1 ай ішінде қарайды. Мүлдікке келтірілген залалды бағалау өтініш тіркелген күннен бастап 7 күн мерзімде белгіленеді және оны зардап шеккендер таңдаған тәуелсіз сарапшылар жүргізеді. Шығыстар бойынша бағалауды жүргізу мемлекеттік органдар атынан аудан әкімдіктеріне жүктелген.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

МЕРЕЙ

Қызметі айрықша ҰЙЫМ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімінің мәдени-демалыс орталығында Республика күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Жиынға өңірдің жергілікті әскери және құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың басшылары, сондай-ақ ҚР Ұлттық ұланының ардагерлері қатысты.

Аталған іс-шара барысында «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері әскери қызметтің міндеттерін қалтқысыз орындағаны үшін Республика күніне орай «Алғыс хатпен» марапатталды.



Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының жеке құрамы қоғамдық-саяси, спорттық, мәдени іс-шараларға, сондай-ақ өңірдегі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысады.

Бүгінде «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері Ұлттық Ұланға және елдің басқа да әскери ұйымдарына жүктелген күнделікті қызметтік-жауынгерлік және арнайы міндеттерді орындауға үлес қосып келеді.

Ниязтай БОЛАТУЛЫ,
Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік істер жөніндегі орынбасары, полковник:

– Биыл Республика күні тойланады делінгеннен бастап әскери өңірлік қолбасшылыққа қарасты 10 әскери бөлімде осындай салтанатты жиындар өткізілуде. Әскери қызметшілер қалалық мерекелік іс-шараларға қатысты. Біздің ең маңызды қызмет – қоғамдық тәртіпті сақтау. Республика күні тойланатын күндері жауынгерлік қызмет атқарамыз. Аса маңызды мемлекеттік нысаналар бар. Жалпы, 2 мыңға жуық құрам тәртіпті сақтауға қызмет етеді.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»



Республика күніне орай Алматы қаласының «Достық» үйінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген этнос өкілдері мен қаладағы этномәдени бірлестіктері жетекшілерінің қатысуымен «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты «дөңгелек үстел» өтті.

Ұлы даланың ұлтаралық тілі

«Дөңгелек үстелге» Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, белсенді тіл жанашырлары қатысты. Іс-шараға қатысушылар мемлекеттік тілдің қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы маңызы, қазақ тілін ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдыру туралы өз пікірлерін ортаға салды.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді» деген болатын. Қазақ тілінің қолданылуын дамыту, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау барлық қазақстандықтарға ортақ іс.

Алматы қаласы әкімдігінің іс-шаралар жоспарына сәйкес қазақ тілінің қолданылуын дамыту, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау мақсатында Алматы қаласындағы этно-мәдени бірлестіктердің қатысуымен түрлі байқаулар мен іс-шаралар өткізу дәстүрге айналған.

Елімізде өзге ұлт өкілдерінің ана тілдерін сақтау мен дамыту мақсатында этномәдени бірлестіктер жанында мемлекеттік тіл мен әр этностың өз ана тілін оқыту курстары ұйымдастырылған.

Бұл іс-шараның мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның қол жеткізген табыстарын насихаттау, қазақстандық рухани бірлікті нығайту және отансүйгіштік сезімді тәрбиелеу, сонымен қатар этнос өкілдерінің қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнеріне, әдебиеті мен тіліне деген ықыласын арттыру.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ОҚЫРМАННАН КЕЛГЕН ХАТ

ҚОСЫМША АВТОБУС КЕРЕК



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Соңғы кездері редакциямызға келіп түскен хаттардың ішінде қоғамдық көлік мәселесі жиі қозғалады. Га-

зетіміздің өткен нөмірлерінің бірінде Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» ықшамауданымен қатынайтын автобустардың мәселесін көтергенбіз.

Бұл жолы дәл осындай шағым Алатау ауданы «Нұркент» ықшамауданының тұрғындарынан келіп түсті.

– Бізде, яғни Момышұлы көшесімен Абайға дейін, №57 бір-ақ автобус жүреді. Оның өзі «Саялы» ықшамауданынан толып келеді. Таңертеңгі уақытта жұмысқа бару мұң. Әр автобустар бір-бірден ғана қатынайды. №7-ші автобус тек Райымбек көшесімен жүреді. №201 автобус Төле би көшесімен жүреді. Әртүрлі бағытта қатынайтын автобустар бір-бірден ғана болған соң, таңертеңгілік жұмысқа әрең жетеміз. Барлығы «Саялы» ықшамауданынан келгендіктен, үнемі толып жүреді. Әрі қазір студент, оқушылар бар. Жауапты мекемелерден сұрайтынымыз, Абай көшесі және басқа көшелерге тағы да автобустар шығарсаңыздар жақсы болар еді, – дейді Кенже есімді ықшамаудан тұрғыны.

Автобуска таласа-тармаса мінетін жолаушылардың жанайқайы – осы. Лық толы қоғамдық көліктен мезі болған тұрғындар мәселенің тез арада шешілуін сұрайды.



ПРЕСС-ТУР

ҚАРҚЫН ЖАМАН ЕМЕС

Алматыда су басу қаупінің алдын алу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары жауын кезінде су басатын орындарды анықтаған болатын.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Бүгінде Алматыда су басу мәселелерін шешу мақсатында анықталған учаскелерде жұмыстар жүріп жатыр. Осыған орай өткен аптада басқарма қызметкерлері су басу орындарын жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды көрсету мақсатында БАҚ өкілдеріне арнап пресс-тур ұйымдастырды.

Алғашқы барған нүктеміз «Таусамалы» шағынауданындағы ұзындығы 980 метрді құрайтын Ойжайлау өзені болды. Мұнда өзен арнасын нығайту жұмыстары жүргізілген. Райымбек даңғылында 1400 метрлік су ағызу желісі салынып жатыр. Төле би мен Яссауи көшелерінің қиылысында өткізу қабілетін арттыра отырып ұзындығы 150 метрді құрайтын арық желісі жөнделді. Одан кейін журналистер Райымбек даңғылынан Қарасу көшесіне дейінгі ұзындығы 2200 метр коллектордың жөндеу жұмыстарымен және жалпы ұзындығы 3360 м құрайтын Момышұлы көшесінен Чуланов көшелерінің Жұбанов көшесінен Рысқұлов даңғылына дейінгі аралығындағы өткізу каналының құрылыс жұмыстарымен танысты.

Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының міндетін атқарушы Серік Әділбаевтың айтуынша, қазіргі таңда қалада диаметр 500 мм су ағызу құбырлары пайдаланылады. «Олар келіп түскен су көлемін игере



алмайды. Осы мәселені шешу мақсатында диаметр 1 м құрайтын құбырлар орнатылып жатыр. Осылайша су ағызу құбырларының өткізу қабілеті екі есеге артып отыр», – дейді ол.

Тексеру барысында қалада 102 су басу қаупі бар аймақ анықталып, оның ішіндегі 56 аймақта шұғыл түрде апаттық қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет екендігі анықталған. Мамандардың айтуынша, негізгі мәселе – жауын-шашын желісінің жоқтығы, кәріз желісіне қосылмаған, қоқысқа толған және бітелген арықтар мен коллекторлар. Жұмыс барысында жалпы ұзындығы 1,5 мың шақырым арық желісінің бойы 1464 жерде түйықталғандығы, ал 16 коллектордың 12-сі істен шыққандығы белгілі болды.

Бүгінде біз барған аймақтардың барлығында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі кезде үнемі су басатын 25 аумақта жұмыстар аяқталған. Атап айтқанда, Әйтеке би көшесі бойында Назарбаев

даңғылы, Абылай хан даңғылы, Панфилов, Қонаев көшелерінің қиылысы; Төле би мен Яссауи көшелерінің қиылысы; Жароков–Сәтбаев, Сәтбаев–Байтұрсынов, әл-Фарабиден Ремизовқа бұрылыс; «Тастыбұлақ», «Қалқаман» шағынаудандары. Сондай-ақ, Әуезов ауданындағы 1 канал мен Жетісу, Алатау аудандарындағы 4 коллектор жөнделді.

Жұмыс барысында біз сол маңайда тұратын тұрғындардың бірін әңгімеге тарттық.

– Негізінде, қаладағы су басу қаупінің орын алуы жиі немесе толассыз жауған жаңбыр салдарынан болатыны белгілі. Бұл аймақ бұрын бос жатқан жазық жер болған. Кейіннен мынадай биік үйлер салынып, «Нұрлы тау», «Алма сити» секілді ықшамаудандар бой көтерген. Нәтижесінде біраз қала халқы баспаналы болып жағдайларын түзеді. Естеріңізде болар, өткен жылдары үздіксіз жаңбыр салдарынан осы аймақты су басып, тұрғындар біраз әбiгерге түскенiмiз бар. Біз оны әлеуметтік желіге жүктеп, дәлел мен

дәйек болу үшін фото және видеокөріністерді жарыса жарияладық та. Қала билігі біздің жанайқайымызға бірден назар аударды. Бүгінде, міне, су басу қаупінің алдын алу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Енді мұнда су жиналмайды деп ойлаймыз. Өйткені, мамандар бізге жаңбыр суы мына су қабылдағыш каналдар арқылы «Ақсай» өзеніне барып құяды деп түсіндіріп отыр. Бұрын жаңбыр жауса, олар барар жері жоқ болған соң көлшік болып жиналып қалатын. Мердігерлер жұмыстардың жыл соңына дейін аяқталатынын айтты, – дейді есімін Ернат деп таныстырған ықшамаудан тұрғыны.

Экология және қоршаған орта басқармасы мамандары су басу қаупінің туындауына тағы бір себеп, ол су ағызу құбырлары диаметрінің су ағынының күшіне сәйкес келмеуі екенін айтады. Жыл соңына дейін қалған 31 су басу орнын жойып, 8 коллектор мен 3 каналды жөндеу жоспарланып отыр.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

ЖЕТІСУДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Шаруақор қала атанған Алматының әр күні қызу тіршілікке толы. Дегенмен, Алматының байырғы аудандарының бірі – Жетісу ауданында коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту әлі де өзекті мәселеге айналып отырғаны шындық. Өзекті мәселенің түйінін шешу үшін қазір жан-жақты жұмыстар жасалып жатыр.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Мәселен, қазан айының соңында аудандағы Қазыбаев–Рысқұлов–Тәтібеков–Райымбек (58 шақырым) көшелерінің аумағындағы желілерді қайта жаңарту жұмыстарының біршамасы аяқталды. Сонымен қатар, дәл қазір аудан көлемінде ұзындығы 47 шақырымды құрайтын сумен жабдықтау және кәріз желілерін сынау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы, Жетісу ауданы тұрғындарын тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету әлі де басты мәселе болып отыр. Осы мақсатта биылғы жылдың мамыр айынан бастап, ескірген 40 шақырым желілерді қайтадан жөндеу жұмыстары жүргізіле бастады. Палладина–Павлодар–Сельская–Бурундаская көшелеріндегі учаскелер жылдың соңында, ал «Кемел» ықшамауданында бұл жұмыстар 2023 жылдың сәуір айында аяқталады деп күтілуде.

Сонымен қатар, биыл ауданның жалпы ұзындығы 15,3 шақырым 13 көшесіне орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Қараша айының соңына дейін қосымша әлі де 9 көше (11,9 шақырым) жөнделетін болады.

Жетісу ауданында да жауын-шашын кезінде су басу мәселесі әлі де өзекті болып қалып отыр. Тұрақты су басудың 8 учаскесі анықталды. Енді ТЖ желісі бойынша проблеманы шешу үшін жыл соңына дейін 2,2 шақырым коллекторды



қалпына келтіру, 7,2 шақырым арық желілерін салу қарастырылып жатыр. Сондай-ақ, 27 мекенжай бойынша 4,4 шақырым арықтарды жаңғырту жұмыстары басталды. Бұл жұмыстар ағымдағы жылдың қазан айының соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

Жалпы, Жетісу ауданында да оқушы орындарының тапшылығы өзекті мәселе. Оны шешудің төте жолы аудандағы жұмыс істеп тұрған мектептерге 4 қосымша құрылыс салу болғандықтан бұл жұмыс та қызып жатыр. Сондай-ақ, 2 оқу орнына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы тапшылықты қысқарту мақсатында «Айнабұлақ-4» шағынауданында 160 орынды балабақшаның құрылысы басталып, оны 2023 жылдың маусымында аяқтау жоспарлануда.

Қазір медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігін

қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалуда. Сондықтан Жетісу ауданында 3 денсаулық сақтау нысаны бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Жыл соңына дейін «Кемел» шағынауданында 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталады. Осы жылдың тамыз айында емханалардың екі ғимаратын күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірлеу қолға алынды. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2023 жылы басталады.

Ауданда «Кемел», «Айнабұлақ» және «Құлагер» ықшамаудандарында үш дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып, қазан айынан ашыла бастаған тегін үйірмелер мен секцияларға күн сайын 700-ге жуық бала бара бастады.

Қыркүйек айында 597 бейнебақылау камерасын орнату жұмыстары қолға алына бастаған еді. Осы жұмыстар негізінен бақылау камералары, ең алдымен, білім беру объектілерінің жанында, саябақтар, скверлер аумақтарында, аулалар мен жол қиылыстарында орнатыла бастады.

Сонымен қатар, аудан тұрғындары «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы аясында 8 жобаның жүзеге асырылуына қатысты. Мәселен, 3 аула алаңына, 2 скверге жөндеу жүргізілді. «Құлагер» ықшамауданындағы Арбат алаңы балалардың ойын кешендерімен толықты. Тұрғындардың өтініші бойынша Великолукская көшесі мен Рысқұлов даңғылы – Крылов көшесінің бұрышына 2 жаңа жаяу жүргіншілер аймағы жасалды. «Құлагер» ықшамауданында ұзындығы 1 шақырым болатын 2 жаңа жағалау, ұзындығы 40 м және биіктігі 4 м болатын барлық маусымдық төбешік салынатын болды. Бұған қоса, «Жұмысшы» кентінде жаңа демалыс аймағы және 9 аулада балалар үшін жаңа ойын алаңдары салынады.

Қараша айының соңына дейін ауданда 2 жаңа жастар саябағы ашылады. Олардың бірі – Рысқұлов даңғылындағы көпірдің астында, Сүйінбай даңғылының бұрышында, екіншісі – «Айнабұлақ-1» шағынауданындағы жырада орналасқан.



ЖОЛДАУ – 2022

Аяғынан нық тұрған қоғамның негізгі белгісі – дамыған азаматтық қоғам және үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі. Қазақстанда бұл салада біраз жұмыстар атқарылып келеді. Таяуда «Алматы Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы Алматы қаласы әкімдігімен бірлесіп заңдық тұлғалар бірлестігінің негізгі бағыттарын құруды одан әрі жетілдіру мақсатында «Жастардың азаматтық қоғамды дамытудағы рөлі» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өткізді. Жиынға Азаматтық Альянс мүшелері, қаланың қоғамдық кеңесінің өкілдері, мәслихат депутаттары, ЖОО, ҰҚП, қала әкімдігінің және ҰЕҰ өкілдері қатысты.



АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУ – жастардың қолында

Бүгінде еліміздің көптеген алаңдарында жастарға қатысты мәселелер жиі талқыланып жүр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің биылғы Жолдауында да жастар проблемасына кеңінен тоқталды. Білім беру, жұмыссыздық, тұрғын үйдің жетіспеушілігі және әлеуметтік мәселелерден бөлек, жастардың мәдени және әлеуметтік жағынан да бағдарсыз болуы көпшілікті алаңдатады.

«Дөңгелек үстелдің» модераторы, Алматы қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекнұр Кисиков ең алдымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті

мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында айтылған жастарға қатысты мәселелерге жеке-жеке тоқталды. «Дөңгелек үстел» аясында жастарды қаланың әлеуметтік және экономикалық ортасына интеграциялаудың негізгі мәселелері, оның ішінде: жастардың әлеуметтік тұрғын үйге қол жеткізуі, жұмысқа орналасуы, сапалы білім алуы, жастардың кәсіпкерлігі, жастар арасында азаматтықты дамыту секілді өзекті мәселелер сөз болды. Жиынға қатысқан белсенді жастар ең өзекті деген проблемалардың шешу жолдарын талқылап, өз ұсыныстарын ортаға салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайыржан ӘБДІҚАЛЫҚОВ,
Халықаралық қатынастар PhD докторы:

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Бүгінде жастардың алдында үлкен міндеттер тұр. Олар жиған-терген білімдерін ел келешегінің игілігіне арнап, мемлекет экономикасының дамуына үлес қосуды мақсат етеді. Байқап отырсақ, бұрынғы біздің ата-аналарымыздың заманында басты құндылық кітап оқу болса, қазіргі жастар үшін құндылық – кәсіппен айналысу, қомақты табыс табу. Бұл – заман талабы. Қазір ата-аналар да баласының болашағы үшін капитал жинауға, олардың алаңсыз кәсіп бастауына қолдау білдіруге тырысып келеді. Енді мемлекет те жастардың болашағын қамтамасыз етуге бет бұра бастады. Осы орайда, Президенттің балаларға 18 жасқа толғанға дейін арнайы шот ашып, оның алдағы уақытта сапалы білім алуына мүмкіндік жасауы туралы ұсынысы болашаққа жасалған капитал деп білеміз. Көпбалалы, мұқтаж отбасылар үшін бұл – мемлекет тарапынан жасалған үлкен көмек. Қазір көпбалалы отбасылар көбейіп келеді, мектептерде бастауыш сыныптардың көптігі соншалық орын болмай жатыр. Әсіресе, қалалық жерлерде мектептердің тапшылығы байқалады. Алдағы уақытта мектеп, жатақхана, тұрғын үй тапшылығы ұлғая береді. Биылдың өзінде студенттерді жатын орынмен қамтамасыз қиынға соқты. Сондықтан мемлекет халықтың демографиялық өсіміне дайын болуы керек деп ойлаймыз. Білімді жастардың ел көріп, жер көру үшін шетел асатындары көбейді. Өзге мемлекеттерде білім алуға ұмтылады. Ал біз жастарға ешбір елден кем түспейтіндей деңгейде білім бере аламыз ба? Білімді жастарымыздың өз елімізге қызмет етуі үшін не істей аламыз деген сұрақ кез келген саналы азаматты мазалайды. Сондықтан еліміздегі білім беру саласына әлі де көбірек көңіл бөлініп, жүйелі жұмыс істеуіне атсалысуымыз қажет.

Бауыржан ӘБІЛҚАСЫМОВ,
қаржылық сарапшы, несие бойынша заңгер:

ЖАСТАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Бүгінде жастар арасындағы ең үлкен мәселе – несие, құмар ойын, жұмыссыздық. Біраз жастарымыз несие алуын алады да, төлей алмай жүреді. Осы салада біраз жыл жұмыс тәжірибемде 18 жастағы жастардың басында 3-4-тен несие бар екенін көріп жүрміз. Көп қыз-жігіттер несие еш мақсатсыз алады. Шамасы келмей төлей алмағандықтан, олардың есепшоттары бұғатталады. Сондықтан олар заңды түрде жұмысқа қабылданбайтындықтан, олар жалдамалы жұмыс істеуге мәжбүр. Мұндай жағдайда кейбір жұмыс берушілер олардың еңбекақысын төлемейтіндері де кездесіп жатады. Жалпы, адамдардың несие алып, қарызға батып кетуінің себебі неде? Әрине, сауатсыздық. Тек жастардың ғана емес, жалпы халықтың қаржылық сауаттылығы төмен болғандықтан, біздің елімізде несие проблемасы өзекті. Президент 2018 жылы талай адамның несие кешіріп, жеңілдік жасады.

Дегенмен, бұл да мәселені шеше алмайды. Тәжірибе көрсеткендей, қарыз кешірілген адамдар қайта несиеге кірген. Сондықтан ең алдымен, халықтың қаржылай сауаттылығын көтеруіміз керек. Өзім халыққа аз да болса пайдам тисін деп, қаржылық сауаттылық бойынша онлайн, офлайн форматта курстар өткіземін, жұмыс істейтін командалар бар. Айталық, жақында басында 600 мың доллар қарызы бар адамға қарызынан құтылуға көмектестік. Адамның қарызын төлеп беруден гөрі, оған сауатты кеңес беру маңызды. Сондықтан осы мәселе мемлекет деңгейінде шешілсе деген ұсынысымыз бар.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылар өте өзекті мәселелерді қозғады. Әсіресе, қоғамда өз орнын таба алмай жүрген жастардың мәселесі туралы сөз еткен «DAYA-Shipa» қоғамдық қорының жетекшісі, ерікті жастарды ұйымдастырушы Гүлнар Әбдуәлиеваның пікірі біраз адамға ой саларлық.

«Біздің қоғамдық қор нашакорлықтан, құмар ойыннан емделіп, айыққан жастарға көмек беруге тырысады. Жасөспірімдер өзінің проблемасын ата-анасына да айта алмайды. Ал балалар үйінің тәрбиеленушілері тіпті өздерін қоғамға керегі жоқтай сезінеді. Қиын

жағдайға түскенде жастарға қолдау білдіру, оларды жұмыспен қамту, психологиялық көмек беру аса маңызды. Өкінішке орай, біздің қоғамда жастарға бағыт беретін орталықтар өте аз. Ең болмаса, жұмыспен қамту орталықтары осындай жастарды да ескерсе екен. Мен көп біраз кәсіпкерлермен келісіп, балаларды жұмысқа орналастыруға тырысамын. Мысалы, бір дүкенге Балалар үйінен шыққан екі баланы орналастырдым, олардың бірі түске дейін, бірі түстен кейін жұмыс істейді, қалған уақыттарында сабағына барады», – дейді Г.Әбдуәлиева.

ТҮЙІН:

Тың ойлар мен жақсы идеялар айтылған жиыннан түйгеніміз көп. Иә, рас, қазіргі заманда кез келген жас үйі мен көлігі, мол табысы, қолында қымбат гаджеті болғанын қалайды. Бұл дұрыс та. Жастардың бай-қуатты болуға ұмтылғаны жақсы. Тек осындай дәрежеге білім мен еңбек жеткізетінін түсінсе болғаны. Өз кәсібін дөңгелетіп, нәсібін тапса, қанеки. Дегенмен, кәсіппен айналысқан адам өзінен кейін қалатын игі істі де ойланатын кез келді. Сондықтан қазіргі таңда әлеуметтік кәсіпкерлікке ден қойсақ, ұтылмайтынымыз анық. Айталық, білім беру орталықтарын немесе оңалту орталықтарын ашу арқылы өзіне де, өзгеге де пайда тиеді, сауабы да мол.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.



САЙЛАУ – 2022

САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Алматы қаласының сайлау комиссияларының кадрлары арнайы оқытудан өтіп жатыр

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалында Алматы қаласының сайлау комиссияларының мүшелері мен төрағалары үшін «Қазақстан Республикасындағы сайлау процесі: теория және практика» тақырыбында оқыту семинары өткізіліп жатыр.

Аталмыш семинардың басты мақсаты – сайлау заңнамасының негіздерін және оны Қазақстан Республикасының Президентіне сайлау кезінде қолдану практикасын білу есебінен кәсіби құзыреттер мен практикалық дағдылар деңгейін арттыру болып табылады.

Семинарда оқыту бағдарламасына сәйкес сайлау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру, дауыс беру тәртібі және сайлауда дауыс беру қорытындысын шығару, сайлау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік, қоғамдық бақылаушылармен және БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимыл туралы және т.б. практикалық және интерактивтік форматтағы сабақтар қарастырылып отыр.

Оқыту барысында дауыс беру күні сайлаушылармен жұмыста сайлау комиссиялары мүшелерінің мінез-құлқы, ықтимал жанжалды жағдайларды шешу



мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Сондай-ақ, семинарға қатысушылар арасында нақты практикаға бағдарланған «Қазақстан Республикасы Президентін сайлау күні» іскерлік ойыны өткізілді.

Сабақтарды филиал оқытушылары, сайлау заңнамасындағы сарапшылар және алдыңғы сайлауды өткізуде айтарлықтай тәжірибесі бар сайлау процестерін ұйым-

дастырушылар мен бизнес-тренерлер жүргізіп жатыр.

Аталмыш оқу бағдарламасы 2018 жылдан бастап ҚР Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы арасында жасалған меморандум шеңберінде Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп іске асырылып келеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айгерім ӘБІЛОВА, филиал директоры:
– Қазіргі таңда сайлау процесін өткізуге қатысын жүрген кадрлардың біліктілігін арттыруға жағдай жасалып отырғаны бізді ерекше қуантады. ҚР Орталық Сайлау комиссиясының бұл бастамасын Мемлекеттік басқару академиясы өз тарапынан қолдап, 2018 жылы екіжақты меморандумға қол қойған еді. Қазіргі кезде аталған оқыту барлық өңірлерде, әрине, әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, бір типтік бағдарлама негізінде жүзеге асырылып жатыр. Оқыту бағдарламасы аумақтық сайлау комиссиялары мүшелерінің жұмыс тиімділігін барынша арттыруға, дағдарыс жағдайында мәселені тез және сапалы шешуіне өз септігін тигізеді.

ЖОЛДАУ – 2022

ШІКІРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру жұмыстары бойынша Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының ұжымымен кездесті.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Қалалық кардиология орталығының директоры Алмат Қодасбаев, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Әсия Ақанова және Алматы қалалық Қоғамдық кеңес комиссиясының мүшесі Александр Белянов және Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының ұжымы мен БАҚ өкілдері бас қосқан іс-шарада қоғамның үйлесімді дамуы ұлттың денсаулығын қамтамасыз ету шартымен ғана мүмкін болатыны сөз болды.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында ұлт әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқаратын денсаулық саласын дамыту мәселесіне ерекше мән беріп отыр. «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын

нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды», – деді Президент. Яғни әр азаматтың денсаулығы ол – ұлт жетістігі. Халық денсаулығын сақтаудың негізі ретінде қоғамдық денсаулық сақтауды дамытып, халықтың санасына денсаулықтың қадірін ұғындырып, аурулардың алдын алуға айрықша көңіл бөлу керек. Халықаралық үздік тәжірибелерге сүйенсек, медицина дамытудың басты жолы қоғамдық денсаулық қызметін қалыптастыру болып табылады, – деді мәслихат депутаты Әсия Ақанова.

Жалпы қазақ кардиология ғылыми-зерттеу институты 1977 жылы желтоқсан айында құрылды. 2001 жылы институт Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ болып қайта құрылып, клиника көпсалалы болды. Бүгінгі таңда «Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ» АҚ Қазақстандағы кардиологиялық, кардиохирургиялық және терапевтік қызметтердің флагманы болып табылады, онда еліміздің барлық өңірлерінен ауыр және диагностикасы қиын аурулармен ауыратын науқастарға жоғары білікті, мамандандырылған, жоғары технологиялық, стационарды алмастыратын және амбулаториялық-емханалық медициналық көмек көрсетіледі. Институтта жақын және алыс шетелдерде оқудан өткен жоғары білікті мамандар жұмыс істейді, оның ішінде: 12 медицина ғылымының докторы, 2 PhD докторы, 24 медицина ғылымының кандидаты, 8 денсаулық сақтау магистрі және 101 жоғары және бірінші біліктілік санаты бар дәрігерлер қызмет атқарады.

Жиынға қатысушылар медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен сапасы, денсаулық сақтау саласының мәселелері және оларды шешу жолдарын талқылай келе, түсіндіру жұмыстары бойынша өз пікірлерін ортаға салды.

СӨЗДЕН – ІСКЕ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Алау» сауықтыру орталығында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған міндет-мақсаттар талқыланды. Оған орталықтың медицина өкілдері және әлеуметтік қызмет көрсететін мамандар қатысты.

Болашаққа қадам

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Суретті түсірген Сапар Рахменшев

«Тұран» университетінде үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, студенттер, магистранттар, докторанттар және профессор-оқытушылар құрамы арасында сайлау науқанының ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жиын барысында профессор, «Адал сай-

лау үшін» штабының мүшесі Ермек Абдрасулов сайлау процесі мен құқықтық мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталды. Штаб мүшесі, Қазақстан Заңгерлер одағы Астана филиалының төрағасы Серік Беркәмалов заңда көзделген азаматтардың сайлау бостандығын қамтамасыз ету кепілдіктері туралы айтып берді.

ҚР Президентігіне кандидаттардың және олардың сенім білдірілген адамдарының үгіт жүргізу ережелері, кандидаттардың БАҚ-тағы жарияланымдар мен эфирлерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету тәсілдері аудиторияның үлкен қызығушылығын тудырды. Қатысушылар сайлау заңнамасын уақытылы түсіндірудің маңыздылығын атап өтіп, университет қабырғасында өткізілген ауқымды іс-шараға қолдау мен алғыстарын білдірді. Бұған дейін хабарланғандай, ағымдағы жылдың 27 қыркүйегінде еліміздің заңгерлер қауымдастығын шоғырландыру мақсатында «Қазақстан Заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің базасында «Адал сайлау үшін» штабы құрылған болатын.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



М.МӘМЕТОВА – 100



МӘНШҮКТІҢ АТЫ БЕРІЛДІ

Алматыда қазақтың даңқты қызы, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл толуына арналған еске алу шарасы өтті.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Шара барысында министрлік өкілдері, сала ардагерлері, «Жас сарбаз» республикалық қозғалысының мүшелері батырдың ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ, жиналғандар соғыста қаза тапқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Осы шара аясында Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Алматы филиалының әскери-патриоттық клубына «Мәншүк» атауы берілді.

«Бұл – сендердің өмірлеріңдегі маңызды оқиға. Бұдан былай сендердің әскери-патриоттық клубтарың Кеңес Одағының Батыры, аты аңызға айналған пулеметші Мәншүк Мәметованың есімімен аталатын болады», – деді Қорғаныс министрлігі Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің бастығы Серік Борамбаев.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

ҮЛКЕНДЕРДІҢ БАТАСЫ

Ару Алматыдағы Момышұлы көшесі мен Абай даңғылының қиылысында жасыл шыршалар мен әртүрлі жеміс ағаштары жайқалып тұрған керемет бір жер бар. Мұнда алма, алмұрт, қара өрік, шие, өрік те өседі. Қарағайлары қандай әдемі! Сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Міне, осы ғажап аймақта Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты «Шаңырақ» әлеуметтік үйі орналасқан. Ол халық арасында «Ардагерлер үйі» ретінде танымал.



10 октың 9-ы Қазақстанда, осында эвакуацияланған зауыттарда жасалғаны белгілі. Бұғанасы қатпаған балалар да еңбек етіп, егістіктерде егін жинауға, майданға көмектесу үшін станоктарда, фабрикаларда майдангерлерді киіндіруге үлес қосты. Қазіргі күні 80-нен асқан бұл ұрпақтың басым көпшілігі сол әлеуметтік үйді мекен етіп жатыр.

– «Шаңырақтан» жылу тапқан қарттарға әрдайым жайлы болуы үшін, олар өздерін жалғыз сезінбеуі үшін барлық жағдай жасалған. Уақытылы, режиммен тамағын ішіп, денсаулығын күтіп, түрлі мәдени-рухани кештерге атсалысып, әр күнін жақсы өткізуге тырысады. Орталықта түрлі үйірмелер, изостудиялар, драма үйірмесі, хор жұмыс істейді. Театрларға, циркке, экскурсияларға және т.б. сапарлар жиі ұйымдастырылады. Бізге волонтер жастар жиі келіп тұрады. Аға

буын мен жас ұрпақ бір-бірімізбен әңгімелесіп, шүйіркелесіп жадырап қаламыз. Біздің орталықта өз бетінше қозғала алмайтын, мүмкіндігі шектеулі, тым көрі адамдар да тұрады. Оларға орталықтың санитарлары мен медбикелер тәулік бойы кезекшілік етеді, – дейді «Шаңырақ» әлеуметтік орталығының әлеуметтік қызмет алушысы Л.Соловьев.

Орталықта түрлі мінезді адамдар бар, жүйкесі сыр бергендер де, өмірге өкпесі бары да жоқ емес. Яғни әрқайсысының тағдыры әртүрлі. Соның бәрімен тең дәрежеде тілдесіп, бөліп-жармай бірдей сөйлесу, көңіл бөлу оңай емес.

Міне, «Шаңырақ» әлеуметтік орталығының қызмет алушылары осы аяулы да қамқор жандарға деген өздерінің ыстық ықыласын біздің газет арқылы білдіргісі келеді. Оларға күнде ақ батасын беруден де жалықпайды.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Қоғамда жауапкершілігі жоғары, бірақ жұмысы көп елене бермейтін еңбек адамдары бар. Солардың бірі де бірегейі – су саласының мамандары.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Шынтуайтында, су – тіршілігіміздің көзі. Аштыққа адам шыдаса да, шөлге шыдамайтынын тарихтан білеміз. Десек те, дәл осы су саласы мамандарының еңбегіне көп үніле бермейтіміз рас. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Бауыржан Қойшыбайұлы СҮГІРБЕКОВ Алматыдай алып шаһарды сумен қамтамасыз ету саласында ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан білікті маман.

Аталмыш саланың қыр-сырына қанық Бауыржан Қойшыбайұлы 1997 жылы Сумен жабдықтау және көріз желілері мамандығы бойынша Бас сәулет-құрылыс Академиясын тәмамдайды. Алғашқы еңбек жолын 1999 жылы «Алматы су» МКК-не слесарь маманы болып бастаған ол, халықты тіршілік нәрімен қамтамасыз ету жолында жиырма бес жылға жуық еңбек етіп келе жатқан жан. Тәжірибелі маман қаламыздың Алматы, Медеу, Бостандық, Түрксіб аудандарында қызмет еткен. Қазіргі таңда «Алматы су» МКК-ның Жетісу ауданы бойынша Су желілері департаменті пайдалану учаскесінің басшысы болып қызмет атқарады.

Еңбекқорлық – баршамызға керек қасиет. Өйткені, бұл – мақсатқа жетудің айқын көрінісі, береке тамыр алар түбірі. Бауыржан Қойшыбайұлы – мұны өз еңбек жолында



түсініп, тынымсыз ізденісінің жемісін көріп жүрген азамат. Құрметтің белгісі деген осы болар, Бауыржан Қойшыбайұлын әріптестері өз араларында су саласының білгір маманы ғана емес, мықты ұйымдастырушы ретінде үлгі тұтып ұстаз атайды екен. Соған орай, Бауыржан мырза да мақтаныш тұтатын мамандықтың қыр-сырын жас мамандарға үйретуден жалыққан емес.

Иә, «жақсы іс – баспыдан». Білікті басшымен әңгіме барысында нәтижелі еңбектерін көріп марқайдық. Әр саланың өзіне тән қиындығы болатыны секілді, су саласындағы еңбектің де жеңіл емес екенін түсіндік.

– «Еңбек еткен адамға бақыт басын иеді» дейді. Ол рас. Біздің қызмет қала халқының сусыз қалмауы, дер кезінде қажетті суды алуы сияқты басқа да суға қатысты мәселелер бойынша сауатты жұмыс жасағанда ғана абырой әперетін қызмет. Бұл – күннің ыстық-суығына қарамайтын жұмыс. Бұл – балағыңнан су кешсең де нәтижесіне жетпей тоқтамайтын еңбек. Міне, осындай қиындықтарды еңсергенде ғана сенің еңбегің еленіп, бағаланады, – дейді Бауыржан Қойшыбайұлы.

Өмір болған соң жұмыс барысында түрлі жағдайлар орын алып жатады. Бұл салада да солай. Тәулік бойы тіршілігі тоқтамайтын Алматыдай алып қала үшін бұл таң құбылыс емес, әрине. Мәселен, қала халқы түн көрпесін жамылып, тәтті ұйқыда жатқанда құбыр жарылып, айналанды су басатын жағдайлар болуы мүмкін. Осындай сәттерде кім де болса әбігерге түсіп, не істерін білмей сасқалақтайтыны да заңды құбылыс. Біз мақалаға арқау болған кейіпкерімізге «апаттық жағдайлар орын алғанда адамдар ең алдымен не істеуі керек?» деген сауал қойдық.

– Ең алдымен, байбаламға салынбай, мекеменің орталық диспетчерлік орталығына немесе аудандық пайдалану учаскесіне хабарласуы керек. Апаттық жағдай орын алған мекенжай мен хабарласып тұрған нөмірін нақты айту да негізгі міндеттердің бірі саналады. Шұғыл жетуге тиіс орынға жөнделу жұмыстарын жүргізетін бригада әдетте 15–20 минут шамасында келеді.

– Түсінікті. Ендеше, қазіргі жұмыс атқарып жатқан мекемелеріңіз жайлы білсек.

Оның қызметі қандай, атқарып жатқан мақсат-міндеттеріңіз жөнінде айта өтіңізші...

– Су желілері департаментінің Жетісу аудандық пайдалану учаскесінде барлығы 40 адам тәулік бойы еңбек етеді. Ауданда 348,88 шақырым су құбыры бар. Біздің мақсатымыз – осы құбырларды бақылап, жөндеу жұмыстарын жүргізіп отыру. Апаттық жағдайлар көп болатын ескі құбырларды жоспарға қосып, сол бөлікте жаңа құбыр жүргізуді басшыларға ұсыну. Суға сараптама жасау да біздің мамандарға жүктелген міндет. Бүгінгі таңда аудан бойынша тозығы жеткен құбырлар шамамен 62%-ды құрайды. Әр бригадада 6 адамнан жұмыс істейді. Бақылаушы-қараушы мамандарымыз бар. Олардың басты міндеті – құбырларда су ағынын анықтап, құдықтарды тексеру. Өйткені, кейбір жағдайларда құбырлар суға толып қалуы мүмкін. Құдық қақпақтары ұрланып жатады. Ауыр жүк көліктері құдықтың үстіне басып өткенде онсыз да тозығы жетіп тұрған құдық қақпақтары сынып қалуы ықтимал. Міне, әр бақылаушы-қараушы күнделікті осындай жұмыстар бойынша арнайы бланк толтырады. Ол жерде толығымен қайда және қандай жұмыстар жүргізілгені жазылады.

Тазалық пен тәртіп. Бұл Бауыржан Сүгірбековтің қарамағындағылар үшін басты талабы. Басшының айтуынша, нәтижелі жұмыс дәл осы екі талап орындалғанда жемісті болмақ. Демек, Бауыржан Қойшыбайұлы қызметкерлеріне кішіпейілдік танытып, жұмыс барысында кез келген мәселені жүйелі шеше білетін білікті маман. Жаны жайсаң, мінезі көркем азаматтың орнымен айтқан әзілінен бөлек, кенпейіл жомарттығы да бар. Ал азаматқа жомарттық әуел бастан жарасқан! Су – тазалық. Су – нәр! Ендеше, күннің ыстық-суығына қарамай Алматының су шаруашылығының дамуына айрықша үлес қосып жүрген қарапайым еңбек адамына біз қандай қошемет көрсетсек те артық болмайды. Әсілінде, еңбек адамы қашан да қоғамға үлгі, болашақтың тұтқасы – жастарымызға еңбекқорлықты дәріптеу үшін де білікті мамандар керек. Өйткені, еңбек – адамзат баласына құндылықтарды үйретуші, бағалатушы.

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП

Күннің ыстық-суығына қарамайтын мамандар тәулік бойы еңбек етеді



БРИФИНГ

Арнайы бағдарламаның бағыты қандай?

Аутизмді бар балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасының қалай жұмыс істеп жатқаны туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Оқу-ағарту министрлігі «Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының» өкілдері кеңінен әңгімелеп берді.



Орталық директоры Әйгерім Кудеринованың айтуынша, Алматыдағы «Қабылдау үйінде» 27-28 қазан күндері өтетін «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқу процесіне енгізу: тарихы, мәселелері және даму болашағы» атты тақырыптағы ғылыми-практикалық конференцияда бұл жайында кеңінен сөз болмақшы. Аталмыш конференцияда арнайы және инклюзивтік білім берудің өзекті мәселелерін талқылау көзделіп отырған көрінеді.

– Дәл қазір елімізде 460 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді. Сондықтан конференция жұмысына ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, отандық және шетелдік жетекші ғалымдар, білім басқармалары мен білім бөлімдерінің мамандары, арнайы білім беру ұйымдарының директорлары мен мамандары, ҰЕҰ өкілдері, ЖОО оқытушылары және педагогтар қатысатын болады.

Сонымен қатар, «e-Ymdau» ымдау тілі бойынша бейне сөздік – білім беру жүйесінде негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларының оқу материалын игеру

процесінде ымдау тілін пайдаланатын сурдоаудармашыларға, мектеп, ЖОО оқытушыларына және күнделікті өмірде ымдау тілін пайдаланатын естімейтін азаматтарға арналған толықтырылатын интерактивті деректер базасының таныстырылымы өтетін болады, – деді.

Өз кезегінде диагностика-кеңес беру бөлімінің меңгерушісі, психология ғылымының кандидаты Әлия Ерсарина психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін оналту орталықтарының, түзету кабинеттерінің, арнайы және жалпы білім беретін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының психологтарына арналған «Аутизмді бар балаларға арналған арнайы дамыту» бағдарламасы жайында кеңінен баяндады.

– Бұл бағдарламаны негізінен ата-аналарды аутизмді бар баланы дамыту жұмысына тарту мақсатында қолдануға болады. Бұрын мұндай бағдарламалар болмағаны белгілі. Мұндай бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігі мен өзектілігі елімізде аутизммен ауыратын балалар санының жыл сайын көбеюімен байланысты болып отыр.

Мәселен, 2021 жылдың соңғы деректері бойынша аутизм белгілері 8796 баладан анықталды, – дейді Әлия Ерсарина. Дәл осы күні конференция барысында «Онтогенез барысында ана тілі жүйесінің қалыптасуы» атты монография таныстырылды.

Аталмыш еңбекті орталықтың аға ғылыми қызметкері Алмагүл Сейсенова таныстырды. Маманның айтуынша, монографияда сөйлеу тілі онтогенезінің лингвистикалық және психологиялық негіздері, ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ана тілін меңгерудің теориялық мәселелері, бала тілінің даму кезеңдері, ана тілінің фонетикалық жүйесінің онтогенез барысында қалыптасуы, яғни баланың дыбыс айтуының пайда болуы, фонематикалық естуінің дамуы туралы қамтылған. Сонымен қатар, сөздің буындық құрамын меңгеруі, ерте жастағы балалардың сөздік қорының қалыптасуы, мектепке дейінгі жастағы баланың сөздік қорының дамуы және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын меңгерудің кейбір аспектілері де осы еңбекте айтылған.

Қазіргі кезде Алматыдағы тарихы терең ғимараттардың бірегейі – Оқушылар сарайының аумағы абаттанып жатыр. Осынау алып ғимараттың ішіне де, сыртына да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегеніне 15 жылдан астам уақыт өткен көрінеді. Қала әкімшілігінің қолдауымен ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жөндеу енді сыртқы аумағында жалғасуда. Сондықтан дәл қазір бір кездегі сапалы құрылыстың арқасында сақталып келген ғимараттың екінші тынысы ашылып жатыр.

Оқушылар сарайы ажарланып келеді



Жөндеу жұмыстары қызу жүргізіліп жатқан үлкен аумақты алып жатқан саябақта енді түнгі уақытта жарық самаладай жарқырап жанып тұратын болады. Сәтін салса, енді аз уақытта сквер жастардың демалыс алаңдарының біріне айналмақшы. Өбден тозығы жеткен жолдарды қырып тастап, жұмысшылар орнына жаңадан төсеп жатыр.

Сонымен қатар, біраз уақыттан бері істен шыққан алаңқайдағы суару жүйесіне де жан бітіп, іске қосылатын болады.

Оқушылар сарайы ғимаратының төңірегіндегі шағын сәулет пішіндер, орындықтар мен урналардың барлығы жаңадан орнатылмақшы.

Ең бастысы – Оқушылар сарайының жанындағы сквер ҚР «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңымен қорғалғандықтан, ресми түрде Алматы қаласының тарихи-мәдени мұра объектілерінің, ескерткіштердің қорғау аймағына, құрылыс салуды реттеу аймағына және қорғалатын табиғи ландшафт аймағына кіреді.

Сондықтан жалпы алаңы 5 гектар саябақты реконструкциялау кезінде оның бастапқы келбетіне ешқандай нұқсан келмейді. Бұл ретте жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақытша бөлшектелген гранит жабындары мен қабырғалар ескерткіштердің айналасына, орталық аллеяның бойына қайта орнатылатын болады.

ТАРТУ

Спорт алаңы ашылды

Ұлық мереке аясында Медеу ауданындағы №33 мектеп-лицейінде спорт алаңы ашылды. Жаңа спорттық алаңның пайдалануға берілуі барша мектеп оқушылары үшін айтулы оқиға болды.



Ұйымдастырушылардың айтуынша, оқушылар жаңа спорт алаңын Балалар жылы мен Республика күнінің тартуы деп зор қуанышпен қабылдаған. Мектеп басшысы Нұрлан Меркенұлы бастаған №33 мектеп-лицей ұжымы да бұл қуанышты өте жоғары деңгейде ұйымшылдықпен атап өтті.

Сонымен қатар, спорт алаңының ашылуына Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев, Медеу ауданы Білім бөлімінің басшысы Ағайша Сапарова, Білім басқарма-

сының «Қалалық дене шынықтыру және спорт оқу тәжірибелік орталығының» директоры Бахтияр Елемесов қатысып, мектепке 5 спорттық допты сыйға тартты. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруы үшін жасалған спорт алаңы бұдан былай жеңісті жолдардың бастауы болары анық. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, ақын Бейбіт Сарыбай оқушыларға көрсетіліп жатқан қолдау үшін барша мектеп ата-аналарының алғысын жеткізді.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

«Қазыналы қарттарым менің»

Медеу ауданына қарасты №96 бөбекжайда тәрбиелік мәні терең кеш өтті

Бұл күні балабақшаның «Қоңырау» тобында тәрбиеленушілер қоңыр күзбен бірге келген қарттар айлығын зор дайындықпен атап өтті. Балабақша меңгерушісі Наталья Карасева кішкентай бүлдіршіндерге қоғамдағы қарттардың ерекше орны туралы әңгімелеп, арнайы келген еңбек ардагерлерімен таныстырды.

Балабақшаға арнайы келген еңбек ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Тұрсынбала Нұрсейітқызы жас

ұрпақ тәрбиесі туралы кеңінен әңгімеледі. Бүлдіршіндерден ата-әжелері туралы сұрап, олардың қызықты жауаптарына риза болды. Ұзақ жыл балабақшада есепші болған Н.Симбаева, тәрбиеші болған Г.Плотникова, жоғары оқу орнында оқытушы болып еңбек еткен Светлана Құбашева сөз алып, еліміздің ертеңі болар жас ұрпаққа деген ізгі тілектерін білдірді.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.





МӘЖІЛІС

ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысының екінші оқылымында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», әйелдердің зейнет жасына қатысты заң жобасын мақұлдады.



«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіруге және жастардың құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған. Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар «жастар» ұғымының

жас шеңберін 29 жастан 35 жасқа дейін ұлғайтуға бағытталған түзетулер енгізді, бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, оптимизмді, ертеңгі күнге деген сенімділік сезімін нығайтуға мүмкіндік береді. «Жастардың әлеуметтік қызметтері» және «уақытша тұрақсыз жастар» ұғымдары нақтыланады», – деді депутат Жәмила Нұрманбетова Мәжіліс отырысында.

Одан өзге, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауының аясында депутаттар заңның әлеуметтік блогына түзетулер енгізді.

Әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасын 61 жас деңгейінде бекіту, жасына байланысты зейнет-ақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еседен 55 есеге дейін ұлғайту, еңбек ету қабілетінен айырылған, сондай-ақ асыраушысынан айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлемнен шегерім мөлшерін 55 еседен азайту туралы болып отыр. Сондай-ақ, ЕТЖ өсуіне байланысты әлеуметтік төлемдер мөлшерін азайтуды болдырмау мақсатында ең төменгі жалақы мөлшерінің 50%-на дейін, сондай-ақ жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді есептеу үшін алмастыру коэффициентін түзету мәселелері зерделенді.

«Заң жобасы шеңберінде қаралатын мәселелер аясының кеңеюін ескере отырып, депутаттар заң жобасының тақырыбын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгерту жөнінде ұсыныс енгізді», – деп толықтырды Жәмила Нұрманбетова.

Осылайша Мәжіліс екінші оқылымда заң жобасын мақұлдады. Тиісті қаулы қабылданды.

ҚЫЛМЫС



КӨЛІК ҰРЛЫҒЫ АЗАЙҒАН

Биыл қаңтар-қыркүйек айларында елімізде 251 автокөлік ұрлығы тіркелді

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, бұл былтырғы көрсеткіштен 6 пайызға аз. Өткен жылдың осы аралығында республикада 267 автокөлік ұрлығы тіркелді.

2022 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында 3,6 мың көлік ұрлығы тіркелді, ал бір жыл бұрын 3,1 мың (жылдық өсім 13,9%) көлік ұрланды. Өңірлік тұрғыда автокөлік ұрлығының басым бөлігі Алматы қаласында тіркелді: 57 оқиға – 1 жыл бұрынғыдан бірден 46,2%-ға көп. Қостанай (31 автокөлік ұрлығы, бір жыл ішінде 19,2% артқан) және Қарағанды (28 автокөлік ұрлығы, 24,3% азайған) облыстары кірді.

Көлік ұрлығы ең аз тіркелген облыс – Солтүстік Қазақстан облысы: былтырғыдай 2 оқиға. Атырау облысында автокөлік ұрлығы айтарлықтай өскені белгілі болды: бір жыл бұрынғы 2 оқиғамен салыстырғанда бір жылда 3 есе, яғни 6 фактіге дейін өсті. Ақтөбе облысында ұрлық саны үш есеге жуық қысқарды: 2021 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 27 факті тіркелсе, биыл 10 жағдай тіркелді. Қазақстанда көлік ұрылары жапондық көлік маркаларына басымдық береді. Жыл басынан бері елімізде 909 көлік ұрланса, оның 775-і, яғни 85,3 пайызы табылып, заңды иелеріне қайтарылды. 19 қылмыстық топ ұсталды.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЖОЛАУШЫЛАРДЫ САҚ БОЛУҒА ШАҚЫРАДЫ

Қалада жыл басынан бері 9 адамды пойыз басып кетті

Алматыда қалалық жүк тасымалы, магистральдық желі және көлік полициясының өкілдері оқушыларды теміржолдағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырды. Мамандардың айтуынша, биыл 9 айда Алматы қаласы маңында пойыз 9 рет адам басып, оның 5-еуі қаза тапқан.



«2022 жылдың 9 айында Алматы өңірінің (Алматы-1, Алматы-2, Бұрындай, Шамалған, Байсерке, Қайрат станциялары) шекараларында локомотив бригадалары бөгде адамдардың теміржолға шығып кетуіне байланысты 132 рет шұғыл тежеуді қолданды. Бұл ретте адам басудың 9 жағдайына жол берілген, оның ішінде 5 жағдай өліммен аяқталды. Негізгі себеп – зардап шеккендердің қауіпсіздік шараларын сақтамауы. Жолды қысқарту үшін олар теміржол желілерін белгіленбеген жерлерде, жақындап қалған пойыздың алдынан кесіп өтпек болған. Жапа

шеккендердің бірінен алкогольдік ішімдік ішкені, ал екіншісінде суицид фактісі анықталды», – деді мамандар.

Олар сондай-ақ, оқушыларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырып, теміржол нысандарында гаджеттерді, құлаққаптарды пайдаланбауға, вагон төбесіне шығып электр тогына түсіп қалмауға, теміржол көпірлерінің металл конструкцияларына көтерілмеуге кеңес берді. Сондай-ақ, жасөспірімдерге қауіпті жерлерде әлеуметтік желілерге арналған бейнероликтер түсірмеуді ескертті.

ЦИФРЛАНДЫРУ

Нашар интернет үшін қазақстандық байланыс операторлары шамамен 271 млн теңге төлеген. Бұл туралы Қазақстанның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Әсет Тұрысов Мәжіліс алаңында айтты.

САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТКЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Вице-министрдің айтуынша, Қазақстанда байланыс операторлары үшін жауапкершілік күшейіп жатыр. «Менің білуімше, байланыс операторлары шамамен 271 миллион айыппұл төлеген. Біз тиісті заңнамаға өзгерістер енгіздік, байланыс сапасының параметрлерін бекіттік.

Егер қандай да бір мәселе туындаса, біздің министрліктің байланыс

комитетіне E-otinish жүйесі арқылы шағымдануға болады. Біздің аумақтық мамандар барынша көмектеседі. Егер сапа мәселелері бойынша бұзушылықтар болса, онда тиісті айыппұл салынады», – деді Әсет Тұрысов.

Сондай-ақ, ол қандай оператор қолданатынын және қолданыс аясында қандай проблемаларға тап болғанын айтты.



Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ҚҰНДЫЛЫҚ

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

ақыл-ойды дамытады

Әр жаңа дәуірдің өз ерекшелігі бар. Біздің дәуірімізде біреу айрықша қоғам құрғысы келеді. Енді біреу ерекше дүниелерге бет бұруды қалайды. Дегенмен, бұл жерде рухани діңгек мықты болуы керек.

«Биік белеске шыққан сайын, артыңа қара, өткеніңе көз жібер» деген сөз бар. Текке айтылмаса керек-ті. Өз заманының білгірі әрі майталманы болу үшін ұлтының ұлттық мұраларын біліп, жүрегімен сезіне жүрген абзал. Өйткені, түптің түбінде қазақтың рухани жәдігерлері ғаламды таңдандыратын шақ келеді. Бәлкім, оның куәгері біз болып қалармыз. Барлығы уақыттың еншісінде.

Бір нәрсе анық. Ол кәделі істі жүзеге асыратын – біз бен сіз. Сырттан келіп ешкім аузымызға май тамызбайды. Мейлінше, ұлттық дүниелерімізді патенттеп қойған дұрыс. Өйтпесе, әркімнің еншісінде кететін түрі бар. Сол себепті, төл мәдениетіміздің қыр-сырын өскелең ұрпаққа насихаттай беруіміз қажет.

ШЕЖІРЕДЕН СЫР ШЕРТСЕК

Ұлттық ойындарымыздың тарихын білген абзал. Өзге жұрт өз шежіресін әр жерден алып құрауда. Кейбірі этнографиялық, фольклорлық жәдігерлерін өзге халықтан жырымшылап жатқандығын көзіміз шалуда. Десе де, қасқырға қой терісін жапқанмен ол қойға айналмасы анық.

Қазақ – ешкімнен ештеңе еншілемейді. Себебі, өз басына жетерліктей тың мәлімет толып жатыр. Сондықтан өзіміздің қарақөздер біліп, көңілге түйіп жүрсін деген мақсатпен еңбек етіп келеміз. Қазір кез келген деректі алыстан іздемейсіз. Бар болғаны ғаламторға керекті нәрсені жаза қойсаңыз болды. Әрісін интернет иіріп әкете жөнелесіз. Біз де ашық дереккөздердегі мағлұматтарға зер салуды жөн көрдік.

Соңғы деректерге қарағанда, тоғызқұмалақтың шығу тарихы 4 мың жылдық кезенді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Қазақи аңыздарға сенетін болсақ, тоғызқұмалақ ойынын қарапайым қойшылар ойлап тапқан. Тоғызқұмалақ тақтасы ретінде олар жерді қазып, арнайы шұңқырлар жасаған. Ал құмалақтарды дайындау үшін қойлардың құмалағын кептіріп, дәл сондай 162-сін қолданған. Ауызба-ауыз таралып келген аңыздарда тоғызқұмалақ ойыны қойшылар үшін керемет ермек болды. Соңғы деректерге қарағанда, тоғызқұмалақ сынды ойындар ертеректе арифметикалық есептер үшін пайдаланылып, кейін келе есептеу әдістері ұмытылғанға ұқсайды. Тоғызқұмалақ тақтасы тек 18 отаудан емес, 14, 10 отаудан да тұруы мүмкін. Мұнда тек ойынның басында бір ұшық отауға 9-дан артық құмалақ салуға болмайтыны маңызды. Себебі, тоғыздан кейінгі он және одан үлкен сандарды тек ондық санау жүйесінде ғана белгілеуге болады. Мысалы, он саны бір құмалақ пен бос отаудан тұрады. Сонда бос отау нөл белгісінің қызметін атқаратындығын көреміз. Тоғызқұмалақта есеп шығару

ПАЙДАСЫ:

- Рухани көкжиегіміз кеңейеді.
- Шежіреге тереңдейміз.
- Ақыл-ой дамиды.
- Логикаға жүйрік боламыз.

кілтін 2017 жылдан бері зерттеуші А.Бейсенбаев насихаттап келеді. Бұл цифрсыз есеп шығару кілті арқылы кез келген тоғызқұмалаққа ұқсас ойын тақта-сында қосу, алу, көбейту және бөлу амалдарын шығаруға болады.

ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗСЕК – ҰТАМЫЗ

Адамзат табиғатпен етене жақын болды. Ол туралы айтып та, жазып та келеміз. Халықтың бай мұрасын зерделеу әрқашан күн тәртібінен түспегені абзал.

Қазақтың негізгі күнкөрісі, кәсібі, жалпы тіршілігі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болды. Ата-бабаларымыз тері өңдеп, одан киім-кешек тігу, қойдың майын ем-домға жаратудың бәрін білген. Бір қызығы, қойдың құмалағын да кептіріп, ойынға қажетті атрибут жасаған. XIX-XX ғасырларда Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин сынды ұлтымыздың ұлы тұлғалары тоғызқұмалақ ойынын ойнапты.

Бұл ойын – адамның ақыл-ой қабілетін арттыруға тікелей пайдасын тигізеді. Мұнда логикалық дәлдік керек. Құр босқа жасаған жүрісіңіз зая кетіп, оның соңы жеңіліске алып келуі ықтимал. Бұған 2 қазандық 164 құмалақ және бірнеше қазан шұңқырлар қажет. Ойынға бар-жоғы 2 ойыншы қатысады. Ойлануға бірқанша уақыт кетеді. Тіпті, ұзақ айқас болуы да мүмкін. Ол жағы ойыншылардың ой жүйріктігіне тікелей

қатысты. Осылайша ойын тартысты өтеді.

Бұған ешқандай шығын кетпеген. Кез келген адамның ойнауға мүмкіндігі болған. Өйткені, тегіс жерді таңдап, қазандықтар қазып, қойдың 164 кепкен құмалағын табу қиынға соқпаған.

ОРАЛҒАН ОЙЫН

Біздің халықтың басынан түрлі тарихи оқиғалар өтті. Ол жағы көпке мәлім. Тәуелсіздік таңының арайлап атуымен қатар, рухани мұраларымыз оралды. Соның арқасында өшкеніміз қайта жанып, жансызға жан бітті.

Қазақтың ұлттық ойындары өзінше бір шежіре. Бұл – ақиқат. Алайда, Кеңестік кезең талайдың сағын сындырды. Рухани жауһарлар босағадан сығалайтын дәрежеге жетті. Өзімізге қатыстыны айта алмай, аузымыз буылды. Ол шақ өтті, кетті. Қазір заман бірқалыпты.

ТҮЙІН:

Әр халықтың өзіне тән ерекшелігі болатынын айттық. Бұл – жалпы пікір. Соның ішінде әрбір жұрттың рухани мұрасының орны айрықша. Жаһандану үдерісіне түсемін деп, жұтылып кеткендері қаншама?! Сондықтан ұлттық колоритті сақтау бәрінен маңызды болып тұр. Заман – ептінікі. Еті ширақ жандар әрқашан дүмпу жасайды. Ол жағы екібастан белгілі. Бірақ абайламаса, болайын деп тұрған істің қадірін қашырып алуы да ғажап емес. Сол себепті, қазақтың өзгелерден айырмашылығын танытатын бірегей жәдігердің асылы – тоғызқұмалақ. Осы құндылығымызға бекем болсақ, біз шықпайтын белес болмас демекпіз.

Бетті дайындаған
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





МӘСЕЛЕ

Бүгінгідей гаджеттердің, смартфондардың дамыған заманында үлкен-кіші түгел сол алақандай құрылғыға тәуелді болып қалғанымыз жасырын емес. Тіпті, дастархан басында да телефонға шұқшыып алып, бір-бірімен тілдеспейтіндер де аз емес. Соның салдарынан тілі тым кеш шығатын немесе кекеш балалар да бар. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңына келген тәжірибелі балалар психологтары, логопедтер, дефектологтар осы мәселені қозғады.

— Бізге кедергі жасамаса, өз бетінше тыныш отырса, жылап мазаны алмаса болғаны деп, баланың қолына планшет немесе ұялы телефонды беріп қоямыз. Ол мультфильм көріп отыр деп, өз тірлігімізді істеп жүре береміз. Иә, мультфильмнің ішінде де түрлі қызылдық-жасылдық суреттер, тартымды кейіпкерлер, түрлі сөздер бар. Бірақ оның бәрі баланың тілінің шығуына ешқандай әсер етпейді. Балаға жанды қарым-қатынас керек. Оның үйіне үйімен емес, жанды сөздермен, ерінбей-жалықпай жасауға беріп отыруымыз керек, — дейді балалар психологі, дефектолог Әсел Сағадатова.

Мамандар әдетте, бала тілінің кеш шығуы психологиялық процестердің немесе психовербалды дамудың кешігуіне әкеп соқтырады деп отыр. Бұл дегеніңіз, баланың психикалық дамуының қалыпты қарқынының бұзылуы деп түсіндіреді олар. Патология сөйлеу, ойлау, есте сақтау, зейін, эмоциялар, қалыпты мінез-құлық дағдылары, қозғалыс функцияларының бұзылуымен білінеді. Мұндай балаларда жайдан-жай, еш себепсіз көңіл күйлері жиі өзгеріп отырады.

Психолог-дефектолог Әсел Сағадатованың айтуынша, алты айлық бала «а-гу», «а-гы», «бу-у», т.б. деп үйлдеп, ұзағырақ дыбыстар шығаруы керек. Ал төрт-бес айлық кезінде әртүрлі интонацияда айқайлап-күліп, былдырлауды бастайды. Алты айлық жасқа келгенде сәби әдетте «ма», «ба» буындарын айта бастайды. Жеті-сегіз айда айтылатын дыбыстарға еліктеу басталып, қарапайым сөздерді түсінетін деңгейге жетеді. Балдырғандар 9-11 айлығында-ақ «ана», «әке», «әже», «ата», «бер», «қой» деген қарапайым сөздерді айта алады, ал 1-1,5 жасында «су ішем», «мынау мысық» деген сынды екі сөзден тұратын қарапайым тіркестерді де қолдана бастайды. 2-3 жаста олар сөзді түсіне бастайды және сөздік қорлары біртіндеп

АТА-АНАҒА ТАПСЫРМА

Сәби үндемесе, айқайламаса дабыл қағыңыз



көбейсе түседі, екі-үш сөзден тұратын сөз тіркестерін өз бетіше құрай алады, тіпті сұраулы сөздері пайда болады, гүлдерді, заттарды, дене мүшелерін де атайды. Қарапайым тақпақтар жаттап, шағын әңгімелер айта бастайды.

Ал 3-4 жасында балалар төрт және одан да көп сөзден тұратын сөйлемдерді құра алатындай жағдайға жетеді, бұл жастағы балалардың сөзін басқа адамдар түсіне алады.

Бала тілінің кешуі әлдеқайда көптеген себептері бар дейді мамандар. Бұған орталық жүйке жүйесінің перинаталды зақымдануы себеп болуы мүмкін көрінеді. Көбіне сәбилер дүниеге келген кезде гипоксияға шалдығуы, шала туғандық, туу жаракаты немесе құрсақта болған кездегі инфекциялар себебінен де болуы мүмкін. Сондай-ақ, есту қабілетінің бұзылуы да әсер етеді.

Әсел Сағадатова өз тәжірибесінде баласы 5 жасқа келгенше оның есту қабілеті нашар екенін білмеген ананың кездескені жайлы айтты. Ол анасын артикуляция арқылы, еріндеріне қарап түсінген. Сондықтан есту қабілеті бұзылған жағдайда баланы тексеруден өткізу өте маңызды.

Сондай-ақ, сөйлеу дамуының кешігуіне ерте жастағы жұқпалы аурулар да себеп болуы мүмкін, яғни энцефалит, менингит, баланың иммунитетін әлсіреткен ұзақ мерзімді аурулар. Бұл тұрғыда мамандар тұқым қуа-

лайтын факторды да жоққа шығармайды. Егер ата-анасының біреуі кезінде тілі кеш шыққан болса, онда баласында да сондай проблема туындауы ықтимал.

«Бала тілінің кеш шығуына отбасында қарым-қатынас мәдениетінің жоқтығы да әсер ететін әлеуметтік фактор. Мысалы, үйде олар сәбиге тамағын алдына апарып үнсіз қоя салуы мүмкін немесе дәрет сындыратын түбегін де дәл солай қоя салады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ПАЙДАСЫ КӨП

Балаға сүйек немесе құрт мүжітуді әдетке айналдырған абзал. Омыраудағы баланың ауыз қуысындағы бұлшық еттері қалыпты тамақ жегу дағдысына көшкеннен кейін аздап әлсірейді. Ал бұлшық еттің жақсы жетілдірілуі сөйлеуге тікелей әсер ететіндіктен, оны жаттықтырып тұру қажет. Бұл ретте сүйек мүгеу немесе құрт жегу, тіске зиян келтірмейтін өзге де кепкен жеміс-жидектерді жегу, қаттылау тамақ өнімдерін шайнау өте пайдалы.

Сәбиге бесік жырының пайдасы үлкен. Сал өскен кезде онымен көп әңгімелесіңіз. Бұл баланың есту қабілетін, түйсігін дамытады. Бесік жырын айтқан кезде бала естіген дыбысына еліктеп, соны қайталайды. Бесік жырларының басты ерекшелігі — онда жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң, қатаң-ұяң-үнді дыбыстардың барлық түрі қамтылған. Тиісінше, әрбір дыбыс түрін есту арқылы балдырған анық сөйлеуге бейімделеді.

БІРЕГЕЙ ОТА

Адам өмірі маңызды



Алматылық нейрохирург-мамандар жаңа технология көмегімен мойны сынған науқастың денсаулығын қалпына келтірді. Дәлірек айтсақ, №4 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері мойны сынған ер адамды мүгедек болып қалудан сақтап қалды.

Ақ халатты абзал жандар жаңа әдіске жүгініп, ауруханада бұрын-соңды жасалмаған ота жасады. 48 жастағы науқас ауруханаға мойын омыртқасы қатты ауыратынын айтып келген. Ауырғаны сонша, ол басын мүлдем бұра алмай қалған. Медициналық тексеруден кейін пациент шұғыл түрде нейрохирургия бөлімшесіне жатқызылып, омыртқасына техникалық күрделі әрі сирек ота жасалды.

Дәрігерлердің түсіндіруінше, жасалған бірегей хирургиялық ота тіс тәрізді өсіндіні бұрандамен «транссентальды остеосинтездеу» деп аталады. Науқасты мүгедек болып қалудан сақтау және оның ары қарай толыққанды өмір сүріп кетуі үшін нейрохирург мамандар емдеудің бұл әдісін алғаш рет қолданыпты. Осы ретте пилоттық режимдегі отаны нейрохирург Айтмұханов Тимур Мұратұлы жасағанын да атап өтсек орынды болар.

«Мойын омыртқасы жеті омыртқадан тұрады. Бірінші және екінші омыртқа көтеретін функционалдық жүктемеге байланысты түбегейлі ерекше мәңсе ие. Бірінші омыртқа — Атлант, екінші омыртқа — Аксис. Олар бір-бірімен С2 омыртқасының тіс тәрізді өсіндісі мен атланттың алдыңғы доғасынан түзілетін Крювелье буыны арқылы байланысады. Омыртқаның бұл сегментінің маңыздылығы, түрлі авторлардың пікірінше, бас қозғалысының 50%-дан 70%-ға дейін осы бөлімде орын алатынында. Бірақ тіс тәрізді өсіндінің сынуы кезінде бұл функция зардап шегеді», — дейді Тимур Айтмұханов.

Ота нәтижесінде науқас палатаға ауыстырылып, мойын омыртқасындағы қозғалыстар қалпына келтірілген. Нейрохирургтар импланттың жұмысын орнатқаннан кейін бірінші күні, бір айдан кейін, үш айдан кейін және алты айдан кейін тексереді. Бұл әдіс ауруханаға жатқызу ұзақтығын қысқартумен қатар, науқастың мүгедек болу қаупін де едәуір төмендетеді.

ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК

НАУҚАСҚА ДА, ТУЫСЫНА ДА ДЕМЕУ ҚАЖЕТ

Медицинада паллиативтік көмек деген термин бар. Ол — емдеу мүмкіндігі шектеулі немесе барлық ем-домдық әрекет түгесілген жағдайда созылмалы аурулардың түрлі нозологиялық түрлерімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған мамандандырылған денсаулық сақтау саласының бірі.

Бұл көмекті алатын топқа қатерлі ісік аурулары, бауыр дерті, тыныс алу және жүрек жеткіліксіздігі, инсульттан кейінгі зардаптар, ауыр жарақаттары бар және т.б. пациенттер жатады.

Әдетте ауыр дертке шалдыққан, күн сайын емес, сағат сайын күтімді қажет ететін науқастарды қарауға олардың жақындарының күшқуатынын жете бермейтіні жасырын емес. Оның үстіне мұндай паллиативтік көмек сыртқат адамның жақындарының моральдық да-йын болуын талап етеді.

Егер адамды емдеу мүмкін болмаса, бұл оған көмектесуге болмайды дегенді білдірмейді. Осы тұрғыда демеу болатын паллиативтік көмектің негізгі міндеті — ауырсынуды жеңілдету және аурудың басқа да ауыр белгілерін азайту, медбикелік күтім, пациенттерге және оларға күтім жасайтын жақындарына қолдау көрсету.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мамандары қала тұрғындарына паллиативтік көмекті қайдан алуға болатынын айтты. «Паллиативтік медициналық көмек қала тұрғындарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қалалық паллиативтік көмек орталығында ақысыз көрсетіледі. Емдеуге жатқызу тіркелген емхананың жолдамасы бойынша жоспарлы тәртіппен «Емдеуге жатқызу бюросының» порталы арқылы жүзеге асырылады», — дейді Қоғамдық денсау-

лық сақтау басқармасының емдеу-профилактикалық қызметі бөлімінің басшысы Ләйла Иманғалиева.

Қалалық паллиативтік көмек орталығы 170 төсек-орынға арналған. Орталықта 5 бөлімше қызметі көрсетеді.

Паллиативтік көмекті Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасынан ақылы негізде де алуға болады, онда қазан айынан бастап пациенттерді ұзақ уақыт емдеу бөлімшесі ашылған. Пациент және оның жақындары үшін медициналық көмек немесе әлеуметтік демалыс қажет болғанда ОҚКА ақылы ұзақ мерзімді бөлімшесінде қалуға мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, паллиативтік көмек шеңберінде қалалық Онкологиялық орталықта емделмейтін қатерлі ісік диагнозы бар адамдарға медициналық-психологиялық көмек көрсету бойынша көшпелі мобильді бригада жұмыс істейді. Онкологиялық бригада 4 клиникалық топтағы пациенттерді жазылмайтын дерттің терминальді сатысына ауыстыратын қалалық емханаларда аудандық онкологтармен тікелей жұмыс істеп, тегін көмек көрсетеді.

Осы орайда пациенттердің туыстары мен пациенттердің өздері де 8 708 973 03 03 «жедел желісіне» хабарласа алады.

Мобильді онкологиялық бригада пациенттерді патронажға қабылдайды, үй жағдайында ауырсынуды және басқа да ауыр белгілерді жеңілдетуді қамтамасыз етеді, препараттардың жанама әсерлерін және ісікке қарсы емдеуді бақылайды. Әрбір пациентке жеке қарап, емдейді.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы өкілдерінің айтуынша, мегаполисте 2025 жылға қарай ауыр санаттағы пациенттердің тұруына барлық жағдай жасалған заманауи паллиативтік көмек орталығын салу жоспарланған.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



#МЕНИҢ ТУЫМ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

«КӨК ТУДЫҢ
ЖЕЛЫРЕГЕНІ
жаныма қуат береді»Нұржамал
ӘЛШЕВА

Республика күні – ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арман-аңсары, елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамы. Енді, міне, атаулы күн ұлттық мереке деген мәртебе иеленіп, қайта жаңғырды. Бұл күн жас ұрпақтың есінде қалуға тиіс.

25 қазан күні Алматының брендіне айналған нысандардың бірі – «Медеудің» биік таулы кешенінің алаңында Республика күніне орайластырылған «Патриотизм дауысы» акциясы өтті. Патриоттық іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, әскери қызметшілер және жастар қатысты.

Акция аясында көкке салтанатты түрде мемлекеттік Ту көтеріліп, Өнұран орындалды. Сол қолына кішкентай көк жалауша ұстап, ал оң қолын кеудесі тұсына қойып, Өнұранымызды асқан рухпен қосыла шырқап тұрған өрімдей жастарға қарап шабыттанып ала жөнеледі екенсіз. Дәл сол сәтте бүкіл Алматы Өнұран орындады. Яғни алматылықтар мемлекеттік Өнұранды қаланың барлық сегіз ауданында тұрып бір сәтте орындап шықты.

Биік тау кешеніндегі іс-шара жоғары оқу орындары, колледждер мен әскери оқу орындары студенттерінің қатысуымен «Қыран елім – Қазақстан» флешбомына жалғасты. Өнердің белгілі өкілі Нұрлан Албан бастаған танымал әншілер ән салды.

БӘРЕКЕЛДІ

МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыда Республика күніне орай мемлекеттік наградаларды салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті. Қазақстан Президенті атынан мемлекеттік наградаларды Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев тапсырды.

Марапатталғандар ішінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан алматылықтар болды. Олардың қатарында Алматы қаласының Құрметті азаматы, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, III дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталған Ахан Бижанов бар. Мемлекет басшысының Жарлығымен «Парасат» орденімен Наталья Сац атындағы балалар мен жа-

сөспірімдерге арналған мемлекеттік академиялық орыс театрының жетекші актрисасы Валерия Крымская және еңбек ардагері, конькимен сырғанаудан еңбек сіңірген жаттықтырушы Май Хван марапатталды. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы композитор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, 80-нен астам әннің авторы Ағайша Исағұловаға берілді.

Сондай-ақ, бұл күні қала әкімі Мемлекет басшысының атынан алматылықтарға «Құрмет», «Еңбек даңқы» ордендерін, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» және т.б. медальдарды табыс етті. Мемлекеттік наградалармен марапатталғандардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, бизнес және өнеркәсіп, құрылыс, көлік және энергетика салаларының өкілдері, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік қызметшілер және басқалар бар.

Салтанатты іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының, қаланың қоғамдық кеңесінің, жастар ұйымдарының өкілдері, мәдениет қайраткерлері,

ЖОО ректорлары, мәслихат депутаттары және т.б. қатысты.

Сондай-ақ, Республика күні ұлттық мерекесіне орай мәдениет және өнер қайраткерлерінен басқа, ұлттық спорт түрімен айналысатын спортшыларды марапаттау рәсімі өтті. Бұл орайда Түркияда өткен IV дүниежүзілік көшпелілер ойындарының жеңімпаздары ерекше аталып өтті. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша мемлекеттік марапаты Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев табыс етті.

Жиында шығармашылық одақтар төрағасы, актерлер мен режиссерлар, акын-жазушылар, композиторлар, театр артистері, суретшілер, анимация режиссерлері, музей қызметкерлері және тағы басқалар Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен марапатталды.

Айта кетейік, шара соңында шығармашылық одақтармен және қауымдастықтармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес отырысы өтті.

СПОРТ КЕШЕНІ

БОЛАШАҚ ЧЕМПИОНДАР ОРТАЛЫҒЫ

«Ainabulaq» жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылуы өтті



Суретті түсірген Саиат ҚУСАЙНОВ.

Республика күніне орай Алматы қаласының «Айнабұлақ-2» ықшамауданында Ainabulaq атты жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылуы өтті. Аталмыш іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев және қалалық спорт басқармасының басшысы Ерден Хайруллин қатысты.


– Спорт кешеніне келген адамдардың көптігіне қарап, бұл жердегі үйірмелер қала тұрғындары арасында сұранысқа ие екеніне көзіміз жетті. Әлі де үлкен жоспарларымыз бар. 2030 жылға дейінгі аралықта жыл сайын кем дегенде 3 спорт кешенін ашуды жоспарлап отырмыз, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Спорт кешені балаларға спортпен айналысуға мүмкіндік ашу және оларды салуатты өмір салтына баулу

мақсатында салынды. Кешеннің жалпы ауданы – 3900 шаршы метр. Мұнда бір күнде 17 спорт түрінен 900 жас спортшы қатыса алады.

Ainabulaq дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде баскетбол, футбол, волейбол, тоғызқұмалақ, қазақша күрес, самбо, муайтай және кикбоксинг секциялары мен өзге де спорт түрлері бойынша үйірмелер ашылады. Айта кеткен жөн, бұл спорт кешені тек оқу-жаттығу процесіне ғана емес, сонымен қатар қалалық және республикалық турнирлерді өткізуге арналған.

АСТАНА АЛАҢЫ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ
МЕРЕКЕГЕ АЙНАЛДЫ

Алматыда Республика күніне орай үлкен концерт ұйымдастырылды

Алып шаһарымыздың «Астана» алаңында Республика күніне орай қала әкімдігінің ұйымдастыруымен мерекелік концерт өтті. Қала тұрғындары мен қонақтарының алдында Қуандық Рахым, Әлішер Каримов, Мәдина Сәдуақасова, «КешYou» тобы және өзге қазақстандық эстраданың жарық жұлдыздары өнер көрсетті. Мерекелік концерттің соңында бар қалаға көрінетін үлкен отпашу атылды.

Айта кеткен жөн, биыл «Гәкку даусы» кезінде «Астана» алаңының алдындағы парк қатты зардап шеккен еді. Осы қателікті қайталамас үшін қала әкімдігі тиісті шара қолданып, парк аумағын «Ұлттық ұлан» жасағы бақылауға алды.



Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҚҰРМЕТ

«КӨК ТУЫМ, ЖЕЛЫРЕ!»

Биыл Республика күні қайтадан мемлекеттік мәртебеге ие болды және бүкіл ел бойынша кең көлемде атап өтілді. Бұл ұлық мерекені Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде ұлтжанды жастар жиналып, ерекше мерекеледі.

Қонаққа Қазақстан Республикасы мәдениет қайраткері, акын, журналист, «Көк тудың желбірегені» патриоттық әнінің сөзін жазған Алмас Сақбаев келді. Алмас Ахметбекұлының поэзиясы жастарға жақсы таныс. Өзі де қоғам белсендісі ретінде жас ұрпаққа елдік рухты жеткізуде көп шараларға ұйытқы болып жүр. Отанына оралып жатқан қандастарымыздың тыныс-тіршілігінен де хабардар, ақыл-кеңесін, қолұшын беріп жүргені.

Ал «Көк тудың желбірегені» студенттердің де сүйікті әніне айналған. Алмас Ахметбекұлы осы патриоттық әннің насихатшысы болып жүр. Форумда қызу пікірталас, саликалы әңгіме өрбіді. Студенттер акынға оның шығармашылығы,



шабытты шақтары, жазу тәсілдері, жеке әуесі, жалпы ұлттан күтетін үміті, жастарға деген сенімі, мемлекеттің болашағына деген арман-мақсаттары жайлы сұрақтар қойды. Алмас мырза жастармен әдемі сұхбат жүргізді.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



АШЫҚ АСПАН

ЖАҢА РЕКОРД!

Алматы аспанында ең үлкен байрақ қалықтады

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Республика күніне арналған «Ашық аспан» науқаны өтті. Науқан аясында әлемдік рекорд орнатқан кәсіби парашютист Қазақстан Республикасының ең үлкен мемлекеттік туымен қалықтады.

Байрақтың көлемі 800 шаршы метр болды (Астанадағы бас флагштоқтағы байрақтың көлемі – 450 шаршы метр). Ту осы ерекше оқиға үшін арнайы дайындалып, нәтижесінде Қазақстанның рекордтар кітабына енді. Парашютист секірген биіктік 3000 метрді құрады, бұл – Шымбұлақ шипажайынан да биік.

«Бүгін біз Алматы аспанында мемлекеттік байрағымыз түріндегі шынайы суретке куә болдық. Мен осы сәтті көзіммен көріп, елімнің ынтымағы мен асқақтығының рухын сезіну бақытына ие болдым», – дейді Қазақстан рекордтар кітабының өкілі Қуандық Күдайбергенов.

Науқанды кәсіпкер Жомарт Қияс

бастаған белсенді топ мүшелері ұйымдастырды. Олардың бастамасын түрлі сала өкілдері, бей-жай қала алмайтын Қазақстан азаматтары қолдады. Бұл жандар еліміздің мәдени-спорттық және экономика салаларын дамытып қана қоймай, әлеуметтік және қоғамдық өміріне де атсалысып жүр. Жомарт Қиястың айтуынша, бұл науқанның мақсаты – барша қазақстандықтың патриоттық рухын көтеріп, нығайту еді, сонымен бірге ұлтына, дүниетанымына қарамастан бір-біріне төзімділік танытуды дәріптеу болатын.

«Қазақстан тыныштық пен бейбітшіліктің тұғыры. Мұны барлық халықаралық қауымдастық өкілдері растайды. Ең үлкен байрақтың аспанда қалықтауында терең мән бар. Ашық аспан астындағы халықтың ынтымағын білдіреді», – деді меценат.

Осы науқанды қолдағандардың бірі – Құрманбек Жұмағалидің сөзінше, мұндай шаралар өткізу азаматтардың өз елінің әлеуметтік-экономикалық жетістіктерін мақтан тұтуына сеп болып, өскелең ұрпақты Тәуелсіздік нышандарын құрметтеуге тәрбиелейді.

Шараның ұраны болған «Ашық Аспан» деген сөзде тұтастық, қазақстандықтардың бейбіт аспаны деген мән жатыр. Бұл сөз – бейбітшілікті қорғауды, Қазақстан Республикасы тұрғындарының бақуатты өмірінің баянды болуын насихаттайды.

Әлеуметтік шараны сонымен бірге Ескендір Ибрагим, Темір Спатаев, Алжан Дарменов, Тойбек Мырзабеков, Ардақ Назаров, Жанқош Тұраров сынды азаматтар қолдады.

ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ

Алатаудың баурайындағы тұлпарлар дүбірі

Республика күніне орай Алматы ипподромында «Ұлы дала ойындары» атты ұлттық спорт түрлері фестивалі өткізілді.

Жарыс бағдарламасында барлық ат спорт түрі – көкпар, теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, құнан бәйге, аламан бәйге және тоғызқұмалақ, асық ату, қазақ күресі қамтылды. Ұлттық спорт саңлақтары еліміздің түкпір-түкпірінен қазанаттарын сайлап келген. Алматы қаласынан да қатысушылардың қарасы қалың.

Республикалық деңгейдегі шара 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Биыл бесінші рет ұйымдастырылды. Соңғы рет 2019 жылы өткен «Ұлы дала ойындары» фестивалі пандемияға байланысты 2 жыл өтпеді.

Қазақтың ұлттық спортын тамашалаған қала тұрғындары мен қонақтары ат үстіндегі жарыстардың ережелерімен танысты, палуандар мен шабандоздарға қолдау да ерекше болды. Тартысқа толы көкпарда палуандар жеңіс үшін 60 келі серкені шеңберге тастау үшін барын салды.

«Республика күніне ұйымдастырылған фестивалде қазақтың ұлттық спорт түрлерінің бәрін қамтуға тырыстық. Ежелден келе жатқан ат спортын жастарға насихаттауды мақсат етіп отырмыз. Алматы әкімдігінің спорт бөлімінің қолдауымен ұйымдастырылды. Алматы қаласы мен Алматы облысынан келген қатысушылар көп. Спорт түрлеріне Ат спорты федерациясының спорт шеберлері төрелік етті», – дейді Erlander Trading ЖШС директоры, «Ұлы дала ойындары» фестивалінің ұйымдастырушысы Азамат Иманқұлов.

Фестиваль қонақтары Ұлттық спорт түрлерін тамашалаумен қатар қолөнер шеберлері дайындаған тұр-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

мыстық бұйымдардың көрмесін тамашалап, мерекелік концерт көрді. Концерттік бағдарламада этно-фольклорлық «Арқайым» тобы өнер көрсетіп, алматылықтарға ерекше көңіл күй сыйлады.

Фестивальге қатысушылардың саны да жетіп-артылады. Жобаны ұйымдастырушылардың айтуынша, жыл сайын келушілердің саны артып, әсіресе жасөспірімдердің ат спортына деген қызығушылығы артып келеді.

Солардың ішінде қатарынан оқ бойы озып шығып, 12 шақырымдық құнан бәйгеде бірінші келген 12 жасар шабандоз Бекзат 1 миллион теңгені иеленді.

«Қиындық болды. Тек аттың басын тартып отырдым. Соңғы 6-айналымда ғана аттың басын жібердім. Атым да, өзім де қатты шаршамадым. Бәйгеге көп қатыстым. 8 жасымнан бастап атпен еркін шаба аламын», – дейді құнан бәйге иегері Бекзат.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



Суретте Бекзат, құнан бәйге жеңімпазы.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

Оқыған азаматтың тұңғышы

Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналы-рақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады.

Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаң арналған тұңғыш той – ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғанын сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі...

Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қазақтың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын тарихи уақиғалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі – қазіргі жасалып отырған Ахаңның 50 жылдық тойы.

Саясат толқынына түсіп, ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса ілгері басып беті ашылған қазақ жұрты, бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпен атағысы келеді. Еркін ойды ойлатпай ауыздан шыққан сөзді баққан патша заманында қазақ жұрты қайрат қылған ерине арнаулы сөзін айта алмаса, бүгінгі күнде азаматы 50 жасқа келіп, сақал-шашы ағарған күнде өксікті сөзін айта алады...

Қазақтың ол кездегі ерте оянған тобының бірі «Ғалия» шәкірттері еді, солардың талабымен кейінгі уақытта атакты болған «Қазақ» газетіне алғашқы негіз салынған. Ахаң шығарушы болып, «Ғалия» шәкірттері көмекші жазушылары болып, Орынбордағы орыс школында жүрген барлық қазақ баласы басқарманың қара жұмысшылары болып, көптеп-көмектеп алғашқы сандарын шығара бастаған. Артынан «Қазақ» нығайып, өзін-өзі алып жүріп кетті.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

(Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына орай сөйлеген сөзінен). 1923 ж.

ТҰЛҒАТАНУ

Мақсаты – қазақ баласының ғылыми сауатын ашу, дүниетанымын кеңейту

Біз Ахмет Байтұрсынұлын мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, алғашқы ұлттық эліпбидің және тұңғыш «Әліппенің» авторы, ағартушы ретінде кеңінен танымыз. Дегенмен, А.Байтұрсынұлының оқулықтарын қарай отырып, ұлт ұстазының сауаттылықты тек қана жазу және оқи білу деп ойлағанын түсінеміз. Ғалым өз еңбектерінде қазақ баласының бастауыш сыныптан бастап-ақ ғылыми сауатын ашып, дүниетанымын кеңейту мақсатында қоршаған орта, жанды табиғат және табиғат құбылыстары туралы әртүрлі мәтіндер құрастырып, оқулығына енгізген. Мәселен, ұлт ұстазы Телжан Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралының» кіріспесінде балалар үшін: «Табиғат құбылыстарын қысқаша түсіндіру, түрлі ырым, ертегі, өтірік нәрселерге сенуді жою, табиғаттың керекті заңдарын түсіндіру, пайда, зиянын ұғындыру» керекті аттар көрсеткен. Өздері мақала деп атаған мәтіндерді баланың түсінігіне барынша икемдеп, ұғынықты етіп ұсынған...

Оқыту процесіндегі ең маңыздысы – оқушыны білімді ақылмен қабылдауға, санасымен қорытуға үйрету. Ахмет Байтұрсынұлының мәтіндері осы мәселені толығымен қамтиды. Ұлт ұстазының оқушының дүниетанымын кеңейтуге бағытталған мәтіндері мен тапсырмалары баланың оқылым және ғылыми сауаттылығының қалыптасуына ықпал етеді. Ғалымның мәтіндерінде күнделікті өмірден алынған мысалдар жиі кездеседі. Яғни ғылыми ұғымды, құбылысты, үдерісті баланың өмірлік тәжірибесін басшылыққа ала отырып, күнделікті тұрмыспен байланыстыра түсіндірген. Бұл қазіргі оқытуға қойылатын басты талаптардың бірі. Мұны А.Байтұрсынұлы өз заманында-ақ мәтіндері арқылы енгізуге тырысқанын көреміз. Ғалымның мәтіндері баланың тілін дамыту, сөздік қорын байыту, оқылым сауаттылығын қалыптастырумен қатар, оқушы бойына құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан ұлт ұстазының мәтіндерін жаратылыстану сабағында қолдану өте тиімді.

Перизат БИҒАЗИНА,

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Білім беру бағдарламалары орталығының аға менеджері.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- Көсем сөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз.
- Бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе – шапшаң да жақсы істер еді.
- Дүниедегі нәрселердің бәрі қысылады, мұздайды, қатады – түсі қашып, өлік сияқты жатады.
- Күн жазыла бастағанда – жаз болады: бәрі жадырайды – жазылады, көгереді, көркейеді.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
31 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия.
Қаз./русс.
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка,
Джеки Чан, Аспаз
бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы
Селжүктер» 53 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда
(тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб.
«Женщины на грани»
1-2 серия
18.00 Социальное ток-шоу
«Шешімі бар»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
54 серия
21.00 Тұсаукесер!
Телехикая.
«Жазмыш»
1-2 серия
22.00 Социальное
ток-шоу.
«Шешімі бар»
23.00 Мужской сериал.
«Бригада» 9 серия
0.00 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
1.00 Басты назарда
(қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 жж.)
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ».
Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Күйеу бала 2».
Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2022 ж.) (с субтитрами)
14.10 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
15.00 AQPAPAT
15.15 «Барыстың ізі».
Деректі фильм
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ».
Телехикая. (Қазақстан,
2018 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ».
Телехикая. (Түркия,
2019-2021 жж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAN».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
(36-бағдарлама)
21.30 «КҮЙЕУ БАЛА 2».
Телехикая. («Qazaqstan»
Ұлттық телеарнасы,
2022 ж.) (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая. (Түркия,
2021-2022 ж.)
(с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН».
Қоғамдық
бағдарлама.
Тікелей эфир
0.35 «Сана».
Ток-шоу.
AQPAPAT
1.35 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Өнұраны
5.00 Мегахит. «Механик»
7.00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер! «Бақыттың
кілті»
10.30 Тұсаукесер! «Менің
кітабым»
10.35 Мультсериал. «Нильс»
11.00 Тұсаукесер!
«Келінжан 4»
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
14.00 Тұсаукесер! Тікелей
эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Коломбиана»
17.00 Телевикторина. «Бегом
за деньгами»
18.00 Новости. Итоги дня
19.00 Қорытынды
жаңалықтар. Біздің
мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Мелек»
22.00 Тұсаукесер! «Гүлдер
жыламайды»
23.00 Телесериал. «Ребенок
на миллион»
1.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Утренняя программа
«Таңсәрі». Прямой эфир
09.00 Үнді сериалы «Анулама»
10.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.30 Т/сериал «Потомки
солнца»
12.00 КИНО. Кевин Джеймс в
комедии «Мой парень
из зоопарка»
(повтор)
14.10 КИНО. Джейми Фокс
в боевике «Джанго
освобожденный»
(повтор)
18.10 КИНО. Хью Лори в
семейной комедии
«Стюарт Литтл»
20.00 Информбюро
(русс./каз.)
21.00 КИНО. Джек Хьюстон в
историческом боевике
«Бен-Гур»
23.40 «Зейнеп» түрік
телехикаясы
00.40 Үнді сериалы
«Анулама»
(қайталау)
01.30 «31 әзіл»
02.00 What's up
02.30 Сериал
«Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.00 «ПӨҮТІНА»
бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
10.00 «ПОДОЗРЕНИЕ».
Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KOREMIZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Филипп Азаров,
Борис Бедросов в
многосерийном фильме
«КРЕПКИЕ ОРЕШКИ»
23.25 Большая премьера.
«ТРИГГЕР»
0.45 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ
3». Многосерийный
фильм
2.00 Ночной кинотеатр.
«ВЕПРЬ»

- 2.50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.00 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
3.25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
До 3.50



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10 Т/х «Арам ақша.
Адал махаббат»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.10 Х/с «Смерть в
объективе»
12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
14.00 Т/х «Жалдамалы
әйелдер»
15.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10 Х/с «Дылды»
17.20 Х/с «Женский доктор»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа
«Студия 7»
19.30 Х/с «Смерть в
объективе»
22.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
23.00 Т/х «Жалдамалы
әйелдер»
00.00 Х/с «Дылды»
01.00 Т/х «Арам ақша.
Адал махаббат»
03.00 Jaidarman
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»,
ойын-сауық
бағдарламасы
07.20 «АРИФМЕТИКА
ПОДЛОСТИ»
мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
08.50 «НОЧЬ ПОСЛЕ
ВЫПУСКА», детективная
мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
12.30 «ЗИНКА-МОСКВИЧКА»
мелодрама
(худ.сериал)
16.30 Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
(док.драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ»
өзбек телехикаясы.
Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «БЕЗ ТЕБЯ»
детективная
мелодрама. Премьера!
(худ.сериал)
00.00 «ШЕФ-5»
остросюжетный
детектив (худ.сериал)
01.50 «БЕГЛЯНКА»
мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
03.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
ток-шоу (қайталау)
04.00-
04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. «ASTANA
OPEN» АТР-500
08.55 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
09.20 ФУТБОЛ. Чемпионат
мира среди женщин
U-17. Групповой турнир.
Марокко – Бразилия
11.15 «Ташкент татамиіндегі
тартыс». Арнайы
репортаж
11.35 ХОККЕЙ НА ТРАВЕ.
09.10 ГАНДБОЛ. Чемпионат
Азии среди женских
клубных команд. «Alatay
Arulary» – «SK Sugerglid-
ers»
10.30 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
11.00 ҚАЗАҚ КУРЕСИ. «Дала
кырандары». Тікелей
эфир
14.50 БАСКЕТБОЛ. ВТБ
«Астана» – «Енисей»
(Красноярск). Прямой
эфир
16.55 Интервью с Сарой Лозо
17.10 ХОККЕЙ НА ТРАВЕ.
Чемпионат Азии среди
сборных. Гонконг –
Индонезия
18.35 «Көшпенділер
ойындары-2022.
Бағымыз жанған
бәсеке». Арнайы
репортаж
19.00 ДЗЮДО. Grand Slam.
Баку. Тікелей эфир
21.30 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
22.00 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Гран При. Мужчины.
Произвольное катание.
Прямой эфир
23.50 «Үздіктер бас қосқан
турнир». Арнайы
репортаж
00.10 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Гран При. Мужчины.
Парные катания.
Произвольные катание.
Прямой эфир
01.30 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
7.40 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
8.30 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
8.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары»
ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-
сауықтық бағдарлама
Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
10.05 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
10.45 Анимация. Отандық /
«Бетперделі батыр»
11.20 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
11.55 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
12.20 «Ақ құс» телехикая.
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық /
«Қызыл мен Күлгін»
13.55 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
14.05 «Байқа, балақай!»
танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық /
«Өл-Фараби»
14.40 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
15.00 «Miss Kausar» оқу-
танымдық бағдарлама
15.10 «Ежелгі қалаларға
сахат» ақпараттық-
танымдық бағдарлама
Анимация. Отандық /
«Сәби»
15.30 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
15.55 Анимация. Отандық / «Су
астындағы оқиға»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
17.05 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
17.30 Анимация. Отандық /
«Батырлар»
17.40 «Расулдың хикаялары»
ситком
18.10 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
18.20 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.35 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
19.35 «Өнертапқыш»
танымдық бағдарлама.

- 19.50 Анимация. Отандық /
«Дала ойындары»
20.10 «А4» ситком.
20.40 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
20.50 Анимация. Отандық /
«Өл-Фараби»
21.15 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
22.25 «Әжемнің ертегілері»
кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.05 «Ақ құс» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.20 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
10.25 «Казахское Ханство.
Золотой трон» Худ.
фильм
14.00 «Алдараспан»
17.30 «Бақыт құшағында»
бағдарламасы
18.10 «Той жыры»
бағдарламасы
18.40 «Жұлдызбысың»
ТҰСАУКЕСЕР!
20.00 «SarapTimes» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «ДАСТАН» түрік
телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді
телехикаясы
23.30 «Көру керек!»
бағдарламасы
01.00 «Гламур для дур» Худ.
фильм

TALIMTV TALIMTV

- 07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің Анам Әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Жүйріктер
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 25-сағат
14.40 По душам
15.00 «Дода» – Көркем фильм
17.00 Views
18.10 Дара тіл
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Айтыс Strike
21.40 Идея
22.55 Views

«ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН». КОНЦЕРТ.
«ҚАЗАҚСТАН» АРНАСЫ САҒАТ 20.30-ДА.

ЖЕКСЕНБІ
6 ҚАРАША

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Мультфильмдер
9.00 Мультфильмы
9.20 Детский кино клуб. «Кунг-фу Кролик. Повелитель огня»
- 11.00 Жаңа маусым! IQ Almaty
12.00 ТҰСАУКЕСЕР!
Сәлем, Алматы!
12.40 Бақытты отбасы
13.20 Үздік әзілдер
13.50 ТҰСАУКЕСЕР!
Ана мен бала
14.30 Алматинские истории
15.00 Женский кино клуб. «Референт»
- 19.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 59 серия
- 20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 60 серия
- 21.00 Арнайы жоба. Анықtime
21.15 Үздік әзілдер
22.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Няня – Бизнес по-каздарски» 4 серия
- 23.00 Мужское кино. «Наемник. Отпущение грехов»
- 1.00 Бақытты отбасы (қайталау)
1.30 Алматы тұнған тарих
1.55 Алматинские истории
2.20 Алматы кеші
3.10 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күй-керуен»
7.30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.20 «AQSAYYT»
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 жж.)
- 12.00 Дисней ұсынады. «Ойыншықтар хикаясы 2». Мультфильм (АҚШ, 1999 ж.)
- 13.25 «Шырақшы». Көркем фильм («Қазақфильм», 2018 ж.)
- 15.10 «Сағындырған әндер-ай!»
17.25 «ТІРШІЛІК»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 жж.)
- 20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
- 20.50 «НАРТӘУЕКЕЛ». Зияткерлік-сауықтық телевикторина.
- 22.00 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Әзіл әлемі»
0.30 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
1.20 «Aqsaayt».
1.40 «Әлемді өзгерткен идеялар». Деректі фильм. (АҚШ, 2019 ж.)
2.25 «Тіршілік»
3.00 «Күй-керуен»
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Өнұраны
5.00 «Қызық times»
6.00 Концерт.
8.00 Мегахит. «Приказано. уничтожить»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 Тұсаукесер! «Помощь в дом»
- 11.30 Тұсаукесер! «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 Мультфильм. «Маленький большой герой»
- 14.30 Мультсериал. «Невероятные приключения Нильса»
- 15.00 Телехикая марафоны. «Шах сарайының құпиялары»

- 17.00 Тұсаукесер! «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына» мега шоуы
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың «Jur-jubuten» шоуы
- 21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
- 21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Культурный контекст»
23.15 Мегахит. «Ночная бригада»
- 1.00 ҚР Өнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм «Человек-паук. Через вселенные» (повтор)
- 12.40 КИНО. Асель Садвакасова в комедии «Жена не стена» (повтор)
- 14.40 Анимационный фильм «Головоломка» (повтор)
- 16.40 КИНО. Роберт Дауни мл., Крис Эванс в фантастическом боевике «Мстители. Эра Альтрона» (повтор)
- 19.40 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Рокки Бальбоа»
- 21.50 КИНО. Итан Хоук в фантастическом боевике «Патруль времени»
- 00.00 «Алдараспан»
02.00 Тамаша live
03.00 What's up?
03.30 Әзіл студио
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.40 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.00 Премьера. «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.00 «ҚАЙМАҚ»
10.35 «КВН-2022». ВЫСШАЯ ЛИГА
13.30 «X FACTOR». Девятый сезон
14.40 «НЕ ОГЛЯДЫВАЙСЯ НАЗАД». Многосерийный фильм
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Ольга Олексий, Александр Константинов в многосерийном фильме «ВСЕ, ЧТО ЗАХОЧЕШЬ»
- 1.30 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?»
2.40 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 3.50



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Сәлем, Қазақстан!
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Измайловский парк»
11.50 Шоу «Битва поколений»
13.30 Сәлем, Қазақстан!
15.20 Т/х «Бастық боламын»
18.40 Х/ф «Телохранитель»
21.00 Х/с «Исправленному верить. Паутина»
- 01.15 Т/п «Құтты қонақ»
01.50 Jaidarman
02.50 Т/х «Япырай»
03.50 Т/п «Тамаша»
04.50 Т/п «Қуырдақ»



KTK

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӨН МЕН ӨНШІ»

- 08.10 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.30 «ЛЮТЫЙ», остросюжетный детектив (повтор)
(худ.сериал)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы
17.00 «МОИ ДОРОГИЕ», мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «СЕМЬЯ», мелодрама (худ.фильм)
00.00 «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ», криминальная мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
02.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.00 «OZAT OTBACЫ» (қайталау)
03.45-04.20 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. «ASTANA OPEN» АТР-500
08.35 «Үздіктер бас қосқан турнир». Арнайы репортаж
09.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
09.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер). «Ұшқын-Көкшетау» – «Тараз». Тікелей эфир
12.00 Интервью с Сарой Лозо
12.15 ФУТБОЛ. «Доп дода». Тікелей эфир
12.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер). «Алтай» – «Есіл СК». Тікелей эфир
14.55 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
15.25 «Дара тұлға». Деректі фильм
15.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер). «Атырау» – «Жайық». Тікелей эфир
17.55 Арнайы репортаж
18.10 «Катарға дайындық». Деректі фильм
19.00 ДЗЮДО. Grand Slam. Баку. Тікелей эфир
21.00 ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. Мужчины. Женщины. Прямой эфир
22.15 ШОРТ-ТРЕК. Кубок Мира. Мужчины. Женщины. Прямой эфир
22.55 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. Ұлттық лига. 1 тур. (Ерлер). «Буревестник» – «Павлодар»
00.55 «Көшпенділер ойындары-2022. Бағымыз жанған бәсеке». Арнайы репортаж

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
- 7.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
- 7.40 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
- 8.05 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
- 8.30 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс.
- 8.55 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
- 9.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
- 9.15 «Расулдың хикаялары» ситком
- 9.30 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарлама
- 10.00 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
- 10.05 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
- 10.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
- 10.45 «Білім бейгесі» оқу-танымдық бағдарлама
- 11.20 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
- 11.45 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
- 11.55 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
- 12.20 «Ақ құс»-телехикая.
- 12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
- 13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
- 13.25 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
- 13.55 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
- 14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
- 14.10 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
- 14.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
- 15.00 «Miss Kaussar» оқу-танымдық бағдарлама
- 15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
- 15.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
- 15.30 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
- 15.55 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
- 16.25 «А4» ситком.
- 16.55 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
- 17.05 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
- 17.20 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
- 17.30 Анимация. Отандық / «Батырлар»
- 17.40 «Расулдың хикаялары» ситком
- 18.10 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
- 18.20 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
- 18.35 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
- 19.05 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
- 19.35 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама.
- 19.50 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
- 20.10 «А4»-ситком.

- 20.40 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
- 20.55 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
- 21.15 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс.
- 21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
- 22.10 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
- 22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
- 22.40 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
- 23.05 «Ақ құс»-телехикая.
- 23.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
- 23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
- 0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
- 07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
- 09.20 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
- 10.25 «Жұлдызбысың» Худ. фильм
- 14.00 «Шаншар»
- 17.00 «Уақыт келді» Ток шоу
- 18.10 «Казахское Ханство. Золотой трон» Худ. фильм
- 21.00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
- 21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
- 23.50 «Загадай желание» Худ. фильм
- 01.50 «Жетімдер» Худ. фильм



TALIMTV

- 07.00 Views
- 08.10 Өнер қырандары
- 09.00 Айтыс. Алтын қор
- 09.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
- 09.55 Саулықтың сыры
- 10.10 «Баланы бала деменізі» – Балалар уақыты
- 10.30 Денсаулық сыры
- 10.50 Ем болсын
- 11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
- 12.00 Ұлт саулығы
- 12.20 Қазақ спортының классикасы
- 13.15 Саулықтың сыры
- 13.30 Автопортрет
- 14.10 Тәтті time
- 15.00 YouTube Times. Мұсылман кедей болу керек пе?
- 16.00 «Майдангерлер» Қ.м.ф.
- 17.00 ТамашаLike
- 18.10 «Шымкентский вариант» Қ.м.ф.
- 18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
- 18.50 Денсаулық сыры
- 19.00 Talim Speakers
- 19.35 Пруст сауалнамасы
- 19.50 Ұлт саулығы
- 20.00 «Бір дубль»
- 21.00 Бақытты отбасы
- 21.30 Ұлттық спорт – Аударыспақ
- 22.00 Руханият
- 22.30 Балалық шаққа саяхат
- 22.55 Views



«НАРТӘУЕКЕЛ». Зияткерлік-сауықтық телевикторина. «ҚАЗАҚСТАН» АРНАСЫ. САҒАТ 20.50-ДІЕ.



САЛТ-ДӘСТҮР

«КҮЙЕУ ҚОРЖЫН»

Күйеу жігіттің қалтасын қараған дұрыс па?

Тұрмысқа шығатын қыз баланың қандай салт-дәстүрлерден өтетіні баршамызға аян. Ал қазақтың күйеу баласы қандай болу керек? Күйеу жігіт қандай салт-дәстүрлермен бетпе-бет келеді? Осы сұрақтардың аясында күйеу балаға арналған салт-дәстүрлерді зерттеп көрдік.

Тұрмысқа шыққан қыз баласы төркін-детіп келгенде немесе атастырылған қыздың үйіне алғаш қадам басқан болашақ күйеу міндетті түрде қайын жұртына, балдыздары мен жеңгелеріне арнап сыйлықтар ала келеді. Мұны «күйеу қалта» немесе «күйеу қоржын» дейді. Қазіргі кезде «күйеу қалтаны» арнайы қоржынға салып алып келеді. Оның ішінде ұсақ-түйек, айна-тарақ, сабын секілді сыйлықтар болады. Ал қоржынның сыртына түрлі әшекейлер, сырға, моншақ секілді қыздарға арналған әсемдік бұйымдарын іліп қояды. Мұны негізінен күйеу жігіттің балдыздарына арнап әкелетін сыйы дейді. Бұл салт бұрыннан бар. Бірақ қазір өзгеріске ұшыраған бұл салттың әр жерде әрқалай орындалып жүргенін көріп жүрміз.

Жақында оңтүстік өңірге бір тойға барып, күйеу жігіттің қалтасын жеңгелері ақтарып, қалтадағы ақшаға таласқанының куәсі болдым. Сұрастырып, білуім бойынша бұл дәстүрдің оңтүстік өңірінде жалғасып келе жатқанына біраз жылдың жүзі болған. Бұл қаншалықты дұрыс?

Осы ретте сұраққа жауап іздеп әдет-ғұрып зерттеушісі, тарихтанушы Тауарих Сәлімұлымен тілдестік. Оның айтуынша,

күйеудің қалтасына қол сұғып, ақтару ерсі қылық.

«Ең алдымен, жігіттің ата-анасы өз үйлерінде көрші-қолаңын, туыс-туған-дарын шақырып «қоржын шай» береді. Қонаққа келгендер қоржын тігу, қоржын салу үшін жиналады. Дастарханнан дәм татқаннан кейін жиналған қыз-қырқын өздерінің келген негізгі жұмыстарына кіріседі. Тойға шашу деп әкелген қант-кәмпиттерін, киім-кешегін, орамал-матасын салып қоржынның аузын байлайды. Құдалар жақта қоржын ашатын әйелдің кәдесі деп орамал байланып бір көйлектік мата салынады. Қоржынның барлық керегі түгенделіп салынғаннан кейін сыртына түрлі алқа-моншақ, білезік, жүзік және т.б. қыз балаларға арналған әшекейлер тігіледі. Қалташаның сыртына тігілген алқа-моншақ, әшекейлер қаншалықты молынан болса, жігіттің туған-туыстары болашақ келіндерінің сұлулығы мен тәрбиесіне соншалықты риза болғандықтарын білдіреді. Қыздың үйіне апарылған бұл қоржынның сыртындағы барлық әшекейлер қоржын сөуге қатысқан тұрмыс құрмаған қыздарға беріледі. Бұл жұғысты болсын, жақсы



жерге келін болсын деген ниетпен орындалатын жоралғы. Әкелінген кәде сый, дәмнің барлығы құдаласуға келгенде арнайы уақыт бөлініп, әйелдер бірігіп «қоржынды сөгу», «қоржын ашу» рәсіміне кіріседі. Қыздың ата-анасына салынған сыйлықтар табысталып, тәтті-дәмді және басқа да тағам қоржын сөуге қатысқан қонақ әйелдерге таратылады. Қыздың ата-анасына, яғни құдаларға әкелінетін қоржын түрлері бірнешеу.

Солардың бірі – құда қоржын мен күйеу қоржын. Екі қоржын да арнайы кәде сыймен толтырылып қыздың отбасына апарылады. Басты айырмашылықтың бірі күйеу қоржын қыздың үйінде қалады. Ал құдаларға әкелген қоржынның іші кәдесыйға толтырылып кері қайтарылады. Осылайша отбасы болып, отау құрған екі әулетке ортақ қуаныштарға әкелінген

қоржын сый-кәдеге толтырылып екі отбасының арасында жүреді. Бұл, әрине, құдалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту және сый-құрметті арттыру. Ал қазір кейбір өңірлерде орын алып жүрген күйеу жігіттің қалтасын ақтару – қазаққа жат қылық. Бұл – мәдениетсіздіктің бір көрінісі», – дейді тарихшы.

Аталған дәстүрді дініміз де қолдамайды. Себебі, қалта – біреудің жеке-меншігі. Оған қол салу, біреудің шекарасын бұзумен тең екен.

– «Шариғатымыз қалта ақтару, қалта қарау деген дүниеге оң көзқараспен қарамайды. «Күйеу қоржын» деп аталатын әдемі дәстүрімізді бұзбағаны дұрыс. «Күйеу қоржын» – сый-сыяпатпен әкелінетін сыйлық. Ал қалта ақтару – жеке-меншікке тиісумен тең», – дейді дінтанушы Рахман Асылбекұлы.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

БІЛІМДІ ЖАСТАР – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Биыл он жылдан астам ұмыт қалған 25 қазан – Республика күні жаңадан тойлана бастады. Бұл күннің тарихи маңызына үңілсек, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларациясы қабылданған еді. Осы құндылықтың мәнін түсіндіру үшін Нұр-Мүбәрак университетінде «Білімді жастар – Тәуелсіз елдің тірегі» атты «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.



Университет проректоры, PhD доктор Қайрат Құрманбаев: «Бұл ашық форматта пікірталас болады деген сенімдемін. Ислам діні бірінші білімге шақырады. Соған қарамастан, әлемдегі 50-ге тарта мұсылман елдерінде білімнен артта қалу басым. Ал ислам білім мен ғылымға ерекше мән береді, біздің жастардан да талап ететініміз білім мен ғылымға құлшыныс», – деп жастарға сенім білдірді.

«Дөңгелек үстелдің» ұйытқысы НМУ Ғылым және инновация департаментінің директоры PhD доктор Ықтияр Палтөре халқымыздың Тәуелсіздіктің жолында қандай қиындықтар жүріп

өткеніне тоқталды. Бұл басқосудың мақсаты – жастарға жол сілтеп, шабыт беру екенін атап өтті. Көргені мен түйгені мол ғалым, профессор Шәмшаддин Керім «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз» екенін жан-жақты сараптап, жастарға кеңестік кезеңдегі қиындықтар мен 1986 жылғы оқиғаларды сабақтастырып жеткізді.

Сондай-ақ, Дінтану кафедрасының аға оқытушылары, ғалым-профессорлар Қайрат Затов, Алау Әділбаев, Асылбек Ізбайыров, Мұхан Исахан, Имамәди Түсіпхан мемлекетшілдік пен діни ұстанымдар, тарих сабақтастығы мен

рухани негіздері, ел болашағындағы дінаралық және ұлтаралық толеранттылықтың маңызы, 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Тәуелсіздік декларациясының саяси астары, жастардың мемлекетшілдік дүниетанымын қалыптастырудағы ұлт зиялыларының орны жайлы терең сөз қозғады.

Жастар тарапынан да магистрантар қазіргі жастардың білім алуындағы мүмкіндіктері мен кедергілері, Тәуелсіздігіміздің бүгінгі мен ертеңі жайлы ойларымен бөлісті. Бұл шағын болса да тағылымы мол шарадан жастар өздеріне мол тағылым алғандарын ортаға салды.

САЛМАҚТЫ ОЙ



«ІШТАРЛЫҚТАН АРЫЛЫП ЕДІМ...»

Ғұлама Асмағи (Алла оны рақымына бөлесін) былай деп әңгімелейді. «Бірде сахарда жасы жүз жиырмаға келген тың бір ақсақал бәдәуиді көрдім. Жасының ұлғайғандығы бір бөлек, мені ширақтығы таңқалдырды. Таңданысымды жасыра алмай мұндай шақта қалайша тың жүргендігін сұрадым. Ол: «Іштарлықтан арылып едім. Соның сыйы ретінде Құдайдың маған бергені ғой» деп жауап қатты».

Иә, шындығында, іштарлық, көре-алмаушылық деген – рухани үлкен дерт, адам баласына жараспайтын тірлік. Мұндай теріс әдет кезінде Ібілістің Алла Тағала мейірімінен қуылуына итермеледі. Ақырында адамзатпен мәңгі дұшпан болды.

Іштарлық, көреалмаушылық, қызғаныш сезімі бар адам әрдайым мазасыздыққа ұрынып, өзгелердің жетістігі мен дүниесін көрген сайын өмірден түңіле береді. Мұндай адам Алланың бергеніне разы болмай, күпірлікке ұрынары сөзсіз.

Ислам діні адам баласын біреудің қолындағы мүлікті қызғануға емес, керісінше өзімізге не тілесек өзгелерге соны тілеуге шақырады. Ал біреудің қуанышына қуана алмайтын адам шынайы иманның дәмін ешқашан тата алмайды. Құдайдың біреуге берген бағын қызғанудан, күндеуден аулақ болайық.

Бетті дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

МЕМЛЕКЕТ ЕШКІМДІ ЕСКЕРУСІЗ
ҚАЛДЫРМАЙДЫ

Қазақстанда мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында базалық, міндетті және ерікті деңгейлерде жауапкершілікті бөлуді көздейтін әлеуметтік қамсыздандырудың көпдеңгейлі жүйесі жұмыс істейді.



Биыл жыл басынан бері қыркүйекке дейін Алматы қаласы бойынша 52 мыңнан астам азаматқа әлеуметтік төлемдер тағайындалған.

2005 жылдан бастап елімізде жұмыс істейтін азаматтарды «әлеуметтік тәуекел жағдайы» басталған кезде әлеуметтік қорғаудың қосымша нысаны болып табылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілген болатын. Жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСК) қызметкердің табысынан 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдар төлейді. Дара кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар да өз пайдасына әлеуметтік аударымдарды алатын табысының 3,5% мөлшерінде дербес төлейді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі еңбекке қабілеттіліктен; асыраушысынан; жұмысынан; жүктілікке және босануға байланысты кірісінен; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен; бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу сынды 6 «әлеуметтік тәуекел» туындаған жағдайда қорғауды көздейді.

Әлеуметтік төлемдер қордан әлеуметтік төлемге құқық берілген күннен бастап тағайындалады. Бұл туралы толығырақ білу үшін сол салада жүрген маман сөзіне құлақ түрсең.

– Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда – әлеуметтік төлемге

медициналық-әлеуметтік сараптама жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеген күннен бастап; асыраушысынан айырылған жағдайда – асыраушысы қайтыс болған күннен бастап, не азаматы хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе азаматы қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінде көрсетілген күннен бастап құқық беріледі. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем үлесін бөлу құқығы қорға оны бөлу үшін өтініш жасалған күннен бастап; жұмысынан айырылған жағдайда – Жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркелу үшін өтініш жасаған күннен бастап; жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда – уақытша еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген жүктілікке және босануға байланысты демалыс берілген күннен бастап; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда – уақытша еңбекке жарамсыздық парағында көрсетілген, жаңа туған

баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлерге демалыс берілген күннен бастап; бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда – баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап; егер баланы (балаларды) асырап алған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бір жасқа дейінгі балаға қорғаншылық тағайындалған жағдайларда – баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген немесе қорғаншы тағайындалған күннен бастап әлеуметтік төлемге құқық беріледі, – деп түсіндірді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Ләззат Сағынбекова.

Бұл төлемдерді алу үшін азаматтар құқығы нақтыланған кезде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына, «eGov.kz» веб-порталы арқылы, «Электрондық еңбек биржасы» порталы арқылы жүгіне алады. Сондай-ақ, бүгінгі күні проактивті түрде қызмет алу да қолжетімді.

ТӘРБИЕ

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемеде қалалық «Qazaqstan jastary» қоғамдық қорының өкілдері кәмелет жасқа толмаған жазалы жасөспірімдермен жүздесті.

«QAZAQSTAN JASTARY»

түзеу мекемесіндегі жасөспірімдермен кездесті

Психолог-мамандар Жанна Ғайни, Гүлнар Нұрғалиева және Назира Байбатырова аяғын шалыс басып, жазасын өтеп жатқан жастардың әрқайсысын жеке қабылдап, оларға заңгерлік кеңес беріп, моральдық-психологиялық тұрғыда да көмек көрсетті. Жасөспірімдерді бостандыққа шыққаннан кейін мойымауға шақырып, алда жарқын күндер барын, ол үшін мақсат қоя білу керектігін, үнемі жақсылыққа, білімге ұмтылып жүрген абзал екенін айтып, жол сілтеді.

«Qazaqstan jastary» қоғамдық қорының «Бас бостандығынан айыру орнынан шыққан адамдарды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жоба» жетекшісі Нұржау Мәди осындай кездесулердің түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан, яғни сотталған адамдарды қоғамға, әлеуметтік бейімдеуде үлкен рөл атқарып отырғанын атап өтті.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Home Credit Bank» АҚ-ға:
- сараптамалық қолдау бөліміне сарапшылар;
- банк мұрағатынан құжаттаманы алу операторы керек.
8 702 306 62 54.

«Gulser Computers» ЖШС-ға:
- экспедитор-жүргізуші;
- жүк көлігінің жүргізушісі;
- call-centre операторы;
- сатушы-кеңесші;
- жүк тиеуші;
- жинақтаушы
- қойма операторы керек.
8 705 775 67 57.

«Орталық клиникалық аурухана» АҚ-ға:
- санитарка;
- аула сыпырушы;
- отоларинголог-дәрігер;
- тазалықшы;
- УЗИ дәрігері;
- сапа жөніндегі дәрігер-әдіскер;
- тіс дәрігері керек.
8 707 175 51 79.

«Метрополитен» КМК-ға:
- электромеханик;
- жылжымалы құрамды жуушы-тазалаушы;
- паровоз машинисі;
- механикалық жабдықты пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі инженер;
- аумақты тазалаушы;
- электромеханик қажет.
8 747 873 97 81.

«Гелиос» ЖШС-ның Алматы филиалына:
- оператор;
- кассир-оператор;
- шағын март меңгерушісі;
- жүкші;
- аула сыпырушы;
- бухгалтер;
- электрик;
- слесарь;
- менеджер керек.
8 778 950 18 98.

«Кока-кола Алматы Боттлерс» ЖШС бірлескен кәсіпорнына:
- маркетинг стажеры;

- сату стажеры;
- бухгалтердің көмекшісі;
- заңгер керек.
8 771 780 19 91.

«ТОРГСТРОЙ» ЖШС-ға:
- қоймашы;
- слесарь-наладчик;
- өндірістік желі операторы;
- жүкші;
- электрик;
- заңгер керек.
8 747 701 90 16.

«MEREY 2030» ЖШС-ға:
- сантехник;
- электрик;
- күзетші;
- желдету және ауаны баптау жүйелерінің маманы;
- трактор жүргізушісі;
- аула сыпырушы;
- әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар керек.
8 (727) 259-70-41, 8 701 760 01 84.

«ТУРАНДОТ АЛМАТЫ» ЖШС-ға:
- тазалықшы;
- ыдыс жуушы;
- көкөністер тазалаушы;
- кесу-тураушы,
- хостес керек.
8 705 107 74 07, 8 777 976 37 51, 8 708 911 50 90.

«KASPI BANK» АҚ-ға:
- банк кассирі;
- несие менеджері;
- несие кеңесшісі керек.
8 701 004 60 90.

«ИМСТАЛЬКОН» АҚ-ға:
- токарь-фрезеровщик;
- дефектоскопист;
- бас бухгалтер;
- заңгер;
- металл прокатының технологы;
- МК бойынша прораб керек.
8 701 506 89 68, 8 701 754 09 11.

«ҚАҒАНАТ» асханалар желісіне:
- асхана меңгерушісі;

- бухгалтер;
- жеткізуші;
- шеф-аспаз;
- аспаз;
- аспазға көмекші,
- наубайшы;
- салат жасаушы;
- кассир;
- таратушы;
- ыдыс жуушы;
- техкызметкер;
- нысан бойынша кезекші;
- әкімші;
- түрлі жұмыстарға жұмысшы керек.
8 707 922 80 20.

№165 мамандандырылған лицейіне:
- кітапханашы;
- директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары;
- математика мұғалімі керек.
8 747 051 59 01.

Бетті дайындаған
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Мегполисте ағаштарды санитарлық кесу науқаны басталды. Жылда күз мезгілінде қаланың әр ауданындағы апатты ағаштар кесіліп, ретке келтіріледі. Әкімдіктің баспасөз қызметі хабарлағандай, бұл жұмысқа қаржы қалалық әкімдіктің бюджетінен бөлінді.

Алматыда 5000 ағаш кесіледі

Биыл Бостандық ауданында ең көп ағаш кесу жоспарланып отыр. Жыл соңына дейін 900 апатты ағаш мүлде алынып тасталады, 4500 ағаштың бұталары кесіледі. Медеу және Жетісу аудандарында 500-дей апатты ағаш жойылады. Санитарлық кесу: Медеуде – 10 мың ағаш, Жетісуда – 15,2 мың ағаш.

• Алмалы ауданында биыл 384 қураған ағаш жойылды және 5 мыңға жуық ағашқа санитарлық күтім жасалады.

• Әуезов ауданында: жойылатын ағаш – 250, санитарлық кесілетіні – 5,5 мыңнан астам.

• Түркісіб ауданында 100 апатты ағаштың кесілуіне қаржы бөлінген.

• Алатау ауданы: 90 апатты ағаш жойылады, 3 мың жасыл желек ретке келтіріледі.

• Наурызбай ауданында 40 ағаш жойылады, 6 мыңның бұталары кесіледі.

Алматыда жойылуы тиіс барлығы 86 мыңдай апатты ағаш бар, ал 400 мыңдай ағашқа санитарлық күтім қажет.

Айнұр СЕНБАЕВА.



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы жыл шынында да балалар үшін де, баршамыз үшін де берекелі жыл болып отыр. Ең алдымен, білімді ұрпақтың айы онынан туып, еңбегі еленіп жатыр.

Мемлекет басшысы халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздарына бір жолғы ақшалай сыйақы беру туралы заңға қол қойды. Осы заңға сәйкес, алтын медаль алған оқушыға 1500 АЕК, күміс медальға 1000 АЕК, қола медальға 500 АЕК көлемінде ақшалай сыйақы берілетін болды.

Сондай-ақ, оқушыларды жарысқа дайындаған педагогтардың да еңбегі еленіп, осындай ақылы сыйақы тағайындалды. Оқушылардың тынымсыз еңбегі

Берекелі жыл болды

мен төккен тері ақталып, білім бәйгесінде аты озған халықаралық олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері еліміздегі ЖОО-ға түсу үшін гранттарға ие болу мүмкіндігіне ие болды. Бұдан бөлек, биылғы жылы аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларда бәйгеге ие болған балалар саны мыңға жетті. Жүлделі орындарды иеленген оқушылар саны 920-ны құраса, 183 оқушы алтын, 274 күміс, 463 оқушы қола медаль иегері атанды.

Балалар жылы аясында «Балдәурен» базасындағы «Балалық шақ навигаторлары» республикалық слеті өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасымен мектеп кітапханалары жаңғыртылып, коворкинг аймақтары ашылып жатыр.

ФЕСТИВАЛЬ

Жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды бөлігі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Досбол
АТАЖАН

Республика күні мен Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайының 55 жылдығына орай Almaty Sport Fest 2022 спорт фестивалі өтті.

Фестиваль аясында Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайының Baluan Sholak Arena, Olympic Arena және ABAI Arena кешендерінде қала тұрғындары мен қонақтарына арналған спорт секцияларының көрсетілімдері өтті. Оған қоса, Brave FC жауынгері Асу Алмабаев пен NFC спортшысы Фанил Рафиков аралас жекпе-жектен өз шеберліктерін көрсетсе, Елдос Жұмаханов дзюдодан, Тимур Сериков грек-рим күресінен және Наталия Клименко каратеден шеберлік сағаттарын өткізді. Сонымен қатар, баскетболдан «Алматылық Легион» және футболдан «Қайрат» ойыншылары өз өнерлерін көпшілік қауымға паш етті. Айта кеткен жөн, фестивальге тек мектеп оқушылары ғана емес, барлық ниет білдірген адамдар қатысты.

Сондай-ақ, фестиваль аясында Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайының үздік қызметкерлері мен жақсы нәтижемен өзін көрсете білген спорт секцияларының жетекшілері марапатталып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДҮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

БАНКРОТ

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 19.10.2022 ж. ұйғарымымен «Азия Логистика экспорттық-импорттық компаниясы» ЖШС (БСН 110540002889) банкроттық туралы іс қозғалды. Кредиторлардан шағымдар 20.11.2022 ж. дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 64/47, Уәлиханов көшесінің бұрышы, 807-кеңсе. Телефон: +7 701 746 04 75. Электрондық пошта: i-azl2019-m@mail.ru

**Балалар
жылы
2022**

БАЛА – ӨМІРДІҢ БАҒЫ

Биылғы жыл Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемел ұлының бастамасымен «Балалар жылы» болып бекітілді. Осы жылдан бастап елімізде балалар әдебиетіне, спортына, мәдениетіне ерекше көңіл бөліне бастағаны белгілі.



Игі бастама

Бұл бастама шын мәнінде мәдени өміріміздегі елеулі оқиға болды. Өйткені, оның мәдени өміріміздің осы саладағы бағытына тигізіп жатқан әсері ауқымды. Мәселен, осы уақытқа дейін қазақ балалар қаламгерлерінің саны 70-тің үстінде болса, Президентіміздің бастамасынан кейін әдебиетіміздің бұл саласы бойынша жұмыс істеп жатқан авторлардың саны 200-ден асып кеткенін аңғардым.

Мәдениет министрлігі балалар әдебиетін басып шығаруға қатысты жедел түрде бірсыпыра игілікті шаралар атқарды. Президент бастамасы біздің Балалар әдебиеті кеңесіне де тың серпін берді. Бұл әңгімеден шет қалмауға тырысып, мүмкіндігінше тиісті жұмыстар жүргізу үстіндеміз. Түрлі іс-шаралар өткізуге мұрындық болдық. Министрлік тарапынан атқарылған түрлі жұмыстарға да атсалысып келеміз.

Баламен сырласа білу керек

Бүгінгі балалардың бойында қатыгездік басым болып барады деген пікірлер жиі айтылуда. Бұл мәселе жөнінде әртүрлі ой-пікір бар. Дегенмен, көпке топырақ шаша алмаймыз. Әрбірінің өзіне тән ерекшелігі һәм қарым-қабілеті бар.

Иә, бұл өзекті мәселе жөнінде түрлі ақпарат құралдары неше түрлі сорақылықтарды тауып алып, қалың бұқараға жария етуде. Сондықтан қатыгездік басым деген сөздің жаны бар. «Жел болмаса, шөптің басы қимылдамайды» ғой. Өзегімізді өртейтін бұл мәселе өз алдына ұзақ әңгіме.

Белгілі бір дәрежеде қайшылық болуы да ықтимал. Бірақ біздің ұлттық әдебиетіміздің мақсаты зорлық-зомбылықты қысықтап, соны насихаттап, имандылыққа жат нәрселерді насихаттап кету емес. Керісінше, бала тәрбиесі күрделі болып отырған бүгінгі заманда ондай теріс моральдық-психологиялық ағымның алдына көркем әдебиет мен өнер мүмкіндігінше эстетикалық тосқауыл қоя алуы тиіс. Қандай жағдайда да, мен жазушы ретінде де осы позицияны ұстанып келемін.

Балалар әдебиеті бәрінен маңызды

Басқа оқырман қауымды былай қойғанда, бүгінгі таңда балалар әдебиетіне қалам тартып жатқан жас талапкерлердің арасында да алдыңғы толқынды біле қоймайтындар кездеседі. Балалар әдебиетіндегі қомақты өзгерістерді тіпті өздерінен бастағысы келетін жас қаламгерлер де жоқ емес. Әдебиетте дәстүр сабақтастығы деген ұғым бар екендігі белгілі. Жаңаша бірдеме жазғысы келетін жастарымыздың алдыңғы шежірені, дәстүр сабақтастығын сызып тастауға асығуы көргендік, көргендік бола қоймайды.

Нұрәулет АҚЫШ,
Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы
Балалар әдебиеті кеңесінің төрағасы.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ДАЛА ҚҰСТАРЫ – ТАБИҒАТ ТАМЫРШЫСЫ

Қырғауыл күзде жұмыртқаласа, күз ұзаққа созылады

**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Қазақы пайымға сүйене отырып өткен жолы шаһарымызда шуақты күндердің сақталатынын, алматылықтардың жеңіл киіммен желпініп жүретінін жазғанбыз. Сол болжамымызды сеніммен жалғастырғымыз келеді. Бұлайша болжам жасауымызға дәйек пен дерек те жоқ емес. Ауа райында, тіпті табиғатта болатын әртүрлі төтенше жағдайларды алдын ала байқайтын жәндіктер мамыражай тіршілігін жасап жатыр. Көргендердің айтуына қарағанда, қала маңындағы жоталарда жыландар тіршілік қамымен әлі де жортып жүрген көрінеді. Індеріне кіріп қысқы ұйқыға жатуға асықпайтын сынайлы.

Мына қызықты қараңыз, жақында беймәлім бір аңшы ойламаған жерден Алатаудың көп шатқалының бірінен қырғауылдың жұмыртқаларын кездестіріпті. Сол маңнан ізін көріп, жез таңдайынан сақ етіп шыққан даусын да естіпті...

Қырғауыл демекші, дүние жүзінде қырғауылдың 175 түрі кездеседі. Сырт бейнесі сұлу бұл құстың тірі салмағы 45 грамм мен 5 келі арасында болады екен. Көбінесе жерде өмір сүреді, қауіпті жағдай туғанда ғана ағашқа шығады, не болмаса бұтақтың ұшар басында түнейді. Жер шұңқырынан ұя жасап, сонда (5–10) жұмыртқалайды. Еті жұмсақ, тәтті, жеңіл қорытылады. Алматы маңында 3000-ға жуық қырғауыл бар көрінеді. Қырғауыл барынша сақ, ауа райын болжағыш құстардың бірі. Өлгі жұмыртқалар күздің шуақты болатынының айғағы болса керек.

Қысқасы, алматылықтар үшін қытымыр қыстың ауылы әлі алыс. Ертелікеш болатын салқынды жоққа шығаруға болмайды, әрине.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша бүгін қазан айының – 27-ші жұлдызы.



Ай жүйесі – 1 қарашаны мезгеп тұр. Ескіше (қазақша) айдың –18-і. Енді 13 күннен кейін жаңа ай басталады. Демек, апта айдың басын да, ортасын да және соңын да қамтып тұр. Бұл көрініс алдағы аптада – 27 қазан мен 3 қараша аралығында арақидік жаңбыр мен қар-

дың көрініс беретінінен хабар беріп тұрғандай. Бұған қарап «күз бітті», «қыс келді» деуге әлі ерте, шуақты күндер бар алда...

«Қырғауыл күзде жұмыртқаласа, күз ұзаққа созылады» деген бұрынғылардан қалған болжам бар.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Аспан денелерінің қозғалысына қарап жасалған жорамал:

- Күн сары қызылданып, шаңқайып шықса, құрғақшылық болады;
- Күңгірттеніп, қораланып, солғын көрінсе, жауын-шашынды болады.
- Күн сәуле шашып шықса, молшылықтың белгісі.
- «Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан».
- «Ай қораланса, атаныңды сайла, күн қораланса күрегіңді сайла».

ҚҰБЫЛЫС

Алматылықтар да бұл ерекше құбылысқа куә болды. Күннің жартылай тұтылу сәтін суретке түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеді.

**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

«Ай күнді 60–80% жауып тұрған қазіргі күн тұтылуы 2004 жылдың 14 қазанындағы күннің жартылай тұтылуының қайталануы. Ай мен Күн тұтылуының алдыңғы ретпен қайталанатын бұл уақыт аралығы астрономияда «сарос» деп аталады. Сондықтан сарос арқылы келесі тұтылу 2040 жылдың 4 қарашасында қайталанатын», – дейді В.Г.Фесенкова атындағы астрофизика институты директорының орынбасары Рашит Валиуллин.

Институт мамандары еліміздің бірнеше өңіріне күннің тұтылу уақытын есептеп шығарды. Күн тұтылуының максималды фазасы Астанада байқалады. Алматыда күн тұтылуының басталуы жергілікті уақыт бойынша сағат 16.26-да, 17.35-те максималды фазасы басталады – 76%, Петропавлда (80%) – сағат 17.08-де, Павлодарда (79%) – 17.18-де, Оралда (71%) – сағат 16.00-де, Атырауда (69%) – 16.07-де, Шымкентте (69%) – 17.32-де.

«Бұл таңғажайып астрономиялық құбылысты көру қабілетімізге зиян келтірмей бақылау үшін сақтық шараларын сақтау қажет. Күн тұтылуын

КҮН ТҰТЫЛДЫ

Қазақстандықтар 25 қазан күні күннің тұтылуын тамашалады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

экран проекциясы арқылы бақылаған дұрыс. Сонымен қатар, күңгірт сүзгі немесе дәнекерлеуші көзілдірігі арқылы күнге тікелей қарауға болады», – деді Р.Валиуллин.

Астрологтардың «қара күнге» қатысты болжамдарына келетін болсақ, күн тұтылуы әрқашан жаңа нәрсенің басталуын болжайды. Бұл бастамалардың энергиясы. Бұл күн тұтылуы эмоцияларға, агрессияға күшті әсер етуі мүмкін. Болжаушылар күн тұтылғанға дейін және одан кейін 3 күн бұрын аса маңызды шаруаларды қолға алмауға, жоспарламауға үндейді.

Айдың тұтылуы – жыл сайын бо-

лып тұратын құбылыс. Кейде 12 айда 2-3 рет қайталануы мүмкін.

Күннің тұтылуы оны Ай тасалағанда, Айдың тұтылуы оған Жердің көлеңкесі түскенде байқалады. Егер Ай өзінің Жер айналасындағы қозғалысында Жер мен Күннің арасында келіп қалса (бұл тек қана Ай туғанда болады), онда ол Күнді жауып қалуы мүмкін, онда Күн тұтылады, Ай Жерге көлеңке мен алакөлеңке түсіреді. Жерге Ай көлеңкесі түскен нүктелерде ол тұтылу жартылай болады. Жердің әр нүктесінде тұтылу әртүрлі көрінеді немесе тіптен көрінбейді әрі ол әртүрлі уақытта басталады.